

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета им. С. Торайғырова**

*1997 жылы құрылған
Основан в 1997 г.*

İ Ì Ó
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ

ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÑÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

12011

Научный журнал Павлодарского государственного университета
им. С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 4533-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
31 декабря 2003 года

Арын Е.М., д.э.н., профессор (главный редактор)
Сарбалаев Ж.Т., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора);
Демесинова Г.Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь);

Редакционная коллегия:

Еспенбетов А.С., д.ф.н., профессор;
Жусип К.П., д.ф.н., профессор;
Кенжебалина Г.Н., к.ф.н., доцент;
Дандай Ы.Ы., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Айтжанова Д.Н. (тех.редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

МАЗМҰНЫ

Г.М. Ақұмбаева	
Жатыс және шығыс жалғаулы сөздердің үстеуленуі	9
А.Е. Баербекова	
Қарамола ережесіндегі заң терминдерінің қалыптасу тарихынан	16
М.Ж. Байтенова	
Ағылшын тілін оқып-үйренуде мультимедиялық технологияны қолдану	24
Ж.Қ. Боранбаева	
Ақын Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығы	29
Б. Жанайхан	
Ұ. Есдәулетов поэзиясындағы дәстүр жалғастығы	35
Ж.Б. Ибраева, Г.Т. Мусина	
Проблемалық оқу технологиясының маңызы	41
Ж.Б. Ибраева	
Салыстырмалы әдебиеттанудағы ғылыми парадигманың жаңа аспектілерінің қалыптасуы	47
Г.С. Иманғалиева	
Спорттық терминнің қазақ және орыс тіліндегі стратификациясы	52
А.Ж. Қайрамбаева	
Жарнама пікірталасындағы когнитивтік аспект мәселесі жайында	57
А.И. Құрманова	
Прецеденттік есімдер	64
Н.А. Прманова	
Қазалы топонимы туралы	72
Г.А. Тезекбаева	
Сөйлеу тілінің қалыптасуындағы жаңылыс сөздер	79
Г.А. Хамитова	
Американдық газеттерінің талқылауындағы газет тақырыпшыларының прецедент феномендері	84
Г.А. Хамитова	
Ағылшын тіліндегі тағам компоненті бар фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері	91
Дәулеткерей Кәпұлы	
Ақыт қажының Қазанда басылған қисса-дастандарының бірі – «Сейфүлмәлік» ..	99
А.Т. Жаманқозова	
Жоғары миметикалық трагедияның модусы	104
Г.К. Сыздықова	
«Свет» лингвокультуремасы жайлы	112
А.К. Тусупова	
М.О. Әуезовтың «Абай жолы» роман - эпопеясындағы орыс классиктерінің сарындары	116
Ж.Т. Сарбалаев	
-Ша, -ше тұлғалы сөздердің үстеуленуі	124

.....

И.И. Агашкина

Ағылшын тілінің әдістерін зерттеу үшін зерттеушілер жөбасы 133

Б.А. Мәлібаева

Көркем әдебиеттегі психологизм мәселелері 140

Біздің авторлар 147

Авторлар үшін ереже 149

СОДЕРЖАНИЕ

Г.М. Ақумбаева Адвербиализация слов в местном и исходном падежах в казахском языке	9
А.Е. Баербекова Историческое восстановление термина Карамола как законного положения	16
М.Ж. Байтенова Использование мультимедийной технологии в изучении английского языка	24
Ж.К. Боранбаева Жизнь и творчество поэта Ыбырая	29
Б. Жанайхан Поэтические традиции в творчестве У. Есдаулетова	35
Ж.Б. Ибраева, Г.Т. Мусина Сущность технологии проблемного обучения	41
Ж.Б. Ибраева Новые аспекты формирования научной парадигмы в сравнительном литературоведении	47
Г.С. Имангалиева Стратификация спортивных терминов казахского и русского языков	52
А.Ж. Кайрамбаева К вопросу о когнитивном аспекте рекламного дискурса	57
А.И. Курманова Прецедентные имена	64
Н.А. Прманова Еще раз о топониме Казалы	72
Г.А. Тезекбаева Оговорка как явление речи	79
Г.А. Хамитова Прецедентные феномены в газетных заголовках в американском газетном дискурсе	84
Г.А. Хамитова Национально-культурная специфика фразеологизмов с компонентом пищи в английском языке	91
Даулеткерей Капулы Акыт-кажы как распространитель поэмы «Сейфулмалик», опубликованной в Казани	99
А.Т. Жаманкозова Высокомиметический модус трагического	104
Г.К. Сыздыкова О лингвокультуре «свет»	112
А.К. Тусупова Мотивы русских классиков в романе-эпопее «Путь Абая» М.О. Ауэзова	116
Ж.Т. Сарбалаев Словообразования и словоизменения аффиксов –ша, -ше в казахском языке	124

И.И. Агашкина

И.И. Агашкина

Исследовательский проект как метод изучения английского языка 133

Б.А. Малибаева

Проблема психологизма в художественной литературе 140

Наши авторы 147

Правила для авторов 149

CONTENT

G.M. Akumbayeva Adverbialization of words in locative and abbatore cases in Kazakh language	9
A.E. Baerbekova On the history of formation of legal terms in the set of rules of Karamola	16
M.J. Baitenova Using multimedia technologies at the English lessons	24
Zh.K. Boranbayeva The life and creativity of the poet Ybyrai	29
B. Janaykhan Poetical traditions in U. Estauletov's works	35
Z.B. Ibraeva, G.T. Mussina Essence of technology of problem training	41
Z.B. Ibraeva New aspects of the scientific paradigm formation in comparative study of literature.....	47
G.S. Imangaliyeva Stratification of sporting terms of kazakh and Russian languages	52
A.Z. Kairambayeva To the question of the cognitive aspect of the advertising discourse.....	57
A.I. Kurmanova Case names.....	64
N.A. Prmanova Once again on the toponym Kazaly	72
G.A. Tezekbaeva Slip of tongue as a phenomenon of speech.....	79
G.A. Khamitova The precedent texts in the American newspaper headings	84
G.A. Khamitova The national and cultural peculiarities of the English phraseological units with the nuclear component «food»	91
Dayletkerey Kapuly «Akhyt-kazhy as a distributor of the poem «Seyfulmalikh», published in Kazan	99
A.T. Zhamankozova Highmimetical tragic modus.....	104
G.K. Syzdykova About the linguistic cultural lexeme «light».....	112
A.K. Tusupova Motives of Russian classics in the epic novel of M.O.Auezov «The way of Abai».....	116
Zh.T. Sarbalaev Word-buiking and wordchange of –sha, she affixes in Kazakh language	124

ЖАТЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗДЕРДІҢ ҮСТЕУЛЕНУІ

Г.М. Акумбаева

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Тілдің тарихи даму барысында өзге септік жалғаулы сөздер сықылды жатыс жалғауында тұрған лексикалық единицалар да адвербиализацияға ұшырап, өздерінің бастапқы төркіндерінен кол үзіп, үстеулер қатарына өтіп, оның өз алдына бөлек, дербес грамматикалық категория болып қалыптасуында зор роль атқарған. Оған қазіргі тіл құрамындағы түп төркіні жатыс жалғаулы формативтер болып саналатын абайсызда, анда-санда, анда, мұнда, қапыда, қапылыста, осында, сонда, әлгінде, кейде, алда, артта тәрізді үстеуге айналған жүздеген лексикалық тұлғалар анық дәлел. Алайда тіл білімінде аталған сөздердің үстеуге айналуын түсіндіруде бір жүйеге түскен ой-пікір әлі айтылған жоқ, тіл мамандары қазық етіп ұстар тұжырым күні бүгінге дейін айтылмаған. Бесенеден белгілі, тілдің лексикалық құрамында пайда болған кез-келген жаңа сөз, әйтеуір, сөзжасамның белгілі бір тәсілі арқылы жүзеге асады. Ендеше, жоғарыда мысалға келтірілген сөздер қандай сипатта, қандай тәсілмен үстеуге айналды екен? Кейбір түркітанушы ғалымдар, соның ішінде қазақ тілшілері де бар, олардың үстеу болып қалыптасуын жатыс септік жалғауының сөзжасамдық қызметімен байланыстырады. Бұл пікірдің ешқандай тілдік негізі жоқ. Өйткені, сөзжасамдық қасиет жатыс жалғауын былай қойғанда, өзге де септік жалғауларының ешқайсысында жоқ. Олар септік жалғауларының тілдегі негізгі қызметі сөз бен сөзді байланыстыру екенін ескермеген. Сондықтан, септік жалғауларының сөз жасаушылығы жайындағы тұжырымдардың дұрыс еместігін айтпасақ болмайды. Рас, жатыс септігінің мұндай жағдайда сөзжасамға қатысы актив емес, пассив түрде әйтеуір оның сөз құрамында тұрғандығымен ғана анықталады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, белгілі азербайжан ғалымы, профессор С.А. Джафаровтың жатыс жалғауының осындай күйде келуін оның сөзжасамдық жұрнаққа айналуы деп байлам жасауын тіпті де қостауға болмайды. Орайы келгенде айта кету керек, қазақ тіл білімінде де бір топ зертетушілер сынға алынып отырған осы тұжырымның аясынан шыға алмай жүр. Мысалы, 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының», 1989 жылы басылып шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі», 2004 жылы оқырмандар қолына тиген «Қазақ грамматикасының авторлары» дәл осы пікірде.

Мұндай қорытындымен ешқандай келісуге болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бірде-бір септік жалғауы жұрнаққа айналып сөзжасамдық қызмет

атқаруына тарихи тұрғыдан да, қазіргі тіл дамуы кезеңінде де таяныш етер ешбір дерек, факті жоқ. Бірақ септік тұлғасындағы сөздердің дериваттанған бүтінге айналуы сөзжасам үдерісі екені – анық ақиқат. Бірақ ондай тұлғаларды зерттеушілердің жалғаулардың сөзжасамдық қызметке ауысуымен түсіндіруі жөн емес.

Сондай-ақ, кейбір ғалымдардың олардың үстеу болып қалыптасуын сөзжасамның морфологиялық-синтаксистік тәсілінің нәтижесі деп қарастыруын да жөн санауға болмайды. Неге десеңіз, сөзжасамның морфологиялық тәсілінде сөз тудырғыш жұрнақтар шешуші роль ойнайды емес пе? Ал мұндай үстеулердің, яғни жатыс жалғаулы сөздердің құрамынан еш жұрнақ көріп тұрғанымыз жоқ. Сол сықылды сөзжасамның синтаксистік тәсілінде сөздерді қосарлау, біріктіру тәрізді амалдар негізгі роль атқарады. Ал, сөз болып отырған үстеулердің қалыптасуында бұл тәсілдің қатысы жоғы айдан анық. Сондықтан жатыс жалғаулы үстеулерді морфологиялық-синтаксистік тәсіл арқылы жасалады деу бос әурешілік. Сондай-ақ кейбір тіл мамандары бұларды лексикалық-семантикалық тәсілдің нәтижесі деп санауға бейім. Рас, жатыс жалғаулы зат есімдердің үстеуге ауысуында семантикалық фактордың басым орын алатынын бекерге шығаруға болмайды. Алайда сөз болып отырған үстеулерді тек қана сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілінің жемісі деп санау бір жақты болып шығады. Бұл бәрінен бұрын, осы тектес үстеулердің жасалуындағы басқа да факторлардың, атап айтқанда, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік факторлардың ролін жоққа шығарғандық болып шығады. Бұл жерде, біздіңше, қазақ тіл білімінде енді-енді ғана мойындалып, зерттеушілердің назарын өзіне аудара бастаған сөзжасамның жаңа тәсіл-конверсия және оның үстеуге қатысты формасы адвербиализация туралы әңгімелеу жөн болмақ.

Конверсия-сөз таптарының бір-біріне ауысуын білдіретін жалпы процесс болса, адвербиализация - басқа сөз таптарының үстеулер қатарына өтуін білдіретін сөзжасамдық процесс. Тілдің даму барысында өзге сөз таптары басқа бір сөз табының синтаксистік қызметінде тұрақты әрі ұдайы қолданылу нәтижесінде өздерінің бастапқы категориясынан қол үзіп, грамматикалық мәнін өзгертіп екінші бір категорияға ауысады. Уақыт өте келе олар өздері енген сөз табының мағынасы мен қызметін қабылдап, сол сөз табындағы байырғы сөздердей болып кетеді.

Адвербиализация процесіне түбір сөздермен бірге сол сөз табының формалары да ұшырап, үстеулер қатарын жаңа тұлғалармен толықтырып отырады. Осы орайда, жатыс жалғаулы сөздердің де адвербиалданып, «үстеулер тобының жаңа лексемалармен толықтырылып отыратыны белгілі. Сонымен, жоғарыда мысалға келтірілген және басқа да осы тектес тұлғалардың септік жалғауларында тұрып, толық мағыналы бүтін ретін де

басқа категорияғы яғни үстеулер тобына көшуі, әлбетте, сөзжасау процесіне жатады. Профессор А.И. Смирницкий айтқандай: «Переход отдельных форм слова в другую часть речи представляет собой процесс словообразовательной» [1-57]. Мұның үстіне белгілі түрколог Э.В. Севортянның кезінде септік, көсемше тұлғаларынан пайда болған үстеулердің түркі тілдерінің құрамында мол ұшырайтынын айта келіп, оларды септік жалғаулары, көсемше жұрнақтары деп қарауға болмайтынын ескерткенін, бұлардың да жеке лексикалық тұлғалар болып табылатындығы» жайында айтқандарын да есте ұстаған орынды. Жатыс жалғауында тұрған осындай сөздермен қатар біз зорға, басқа, төтесінен, шалқасынан, тосыннан, түнімен, күнімен деген сөздердің құрамынан тұлғалық көрсеткіштер ретінде барыс, шығыс, көмектес септік жалғауларын көреміз. Бұлар да жеке сөздік бүтін ретінде, үстеулер санатына жатады. Адвербиалданған мұндай формалар өз категориясынан қара үзіп, изоляцияланып, адвербиалдану жолымен үстеулерге айналғаны анық. Ең дұрысы, оларды адвербиалдық, конверсиялық өнім деп қарастыру бірден-бір дұрыс шешім болмақ.

Адвербиалданған жатыс жалғаулы тұлғалар етістік сөздердің жетегінде айтылып, ол арқылы танылатын іс-қимылдың мекенін, мезгілін білдіреді. Мысалы, түнде келді, жазда той болады, осында отыр, артта қалды, алда келеді.

Егер жатыс жалғаулы сөздердің барлығын бірдей адвербиалданған, үстеуге айналған деп санасақ, онда жатыс жалғаулы алдвербиалданған сөздердің ұшы-қиыры жоқ болар еді.

Сондықтан жатыс жалғауындағы тұлғалар мен адвербиалданған жатыс септік формаларын бір-бірінен ажырата білу керек. Ол үшін мына екі синтаксистік категорияны өзара салыстырып көрейік. 1. Ол үйде отыр. 2. Ол осында жүр. Мысалға келтірілген екі синтаксистік құрылымның құрамында да жатыс септік тұлғасында тұрған формалар бар. Олар, бірінші сөйлемде үйде сөзі болса, екінші сөйлемде осында сөзі. Бұл екеуінің соңғысы ғана адвербиалданған жатыс септік формасы болып табылады. Әрине, бірінші сөйлемдегі үйде сөзі де сөйлемде пысықтауыштық қызметте жұмсалып тұр. Бірақ бұл сөзді қосымша мен түбірге оңай ажыратуға болады. Соңғы сөйлемдегі осында сөзі болса әрқашан түбір мен қосымшаға жіктелмей, тұтастығын сақтап сөйлемде үнемі пысықтауыштық қызметінде қолданылады.

Жатыс жалғаулы сөздердің алдвербиалдануы тілдің қолданылу сферасы әбден айқындалған қазіргі кезеңде емес, көне түркілік кезеңнен басталады.

Көне түркі тілінде –да, –де, –та, –те формалары арқылы есім сөздерден мекен үстеулері жасалған. Мысалы, бунта, анта, онда, антада т.б. қазіргі түркі тілдерінде тек мекен мәнді үстеулер ғана емес мезгіл, бейне үстеулерді де туындайды. Мысалы, анада, ақырында, бертінде, ертеде, кейде, жақында

–мезгіл үстеулері, алда, артта, мұнда, сонда, осында-мекен үстеулері, андаусызда, абайсызда, қапылыста, қапелімде-бейне үстеулері. Жатыс септігі формасы арқылы қалыптасқан үстеулер мағыналық ерекшелігіне орай сөйлем ішінде түрлі пысықтауыштық функция атқарады. Қазіргі түркі тілдеріндегі мекендік, мезгілдік үстеулердің қалыптасуына үлкен әсер еткен көне түркі тілі жүйесіндегі үстеу сөздердің тарихы мен ерекшеліктері бар. Көне ескерткіштер тілінде есімдіктердің ішінде сілтеу есімдігінен өрбитін туындаған үстеулер кездеседі. Мысалдарға жүгінейік.

Көне түркі:

-Ол түг анта йоқ қылдымыз. «Ол әскерлерді біз сонда жайраттық».

-Йай анта йайладым. «Мен жазды сонда өткіздім». Анта айғучы йеме бен-өк ертім. «Сол кезде (сонда мен кеңесші болған едім)».

-Йабғуғ шадығ анта берміс. «Ол сол кезде йағбы мен шалтарды сайлады».

Берілген мысалдардан көне түркі тілі деректерінде мекендік, мезгілдік мәнде қолданылған нақты үстеу формаларын көруге болады. Бір кездерде есімдік сөз табына телінген сөздер осындай жатыс септігі формаларының көмегімен тарихи тұрғыдан ұзақ уақыт қалыптасуы нәтижесінде үстеулер қатарына өткен. Олар сол кездің өзінде толық адвербиалданған, оның мағыналық ерекшелігінен үстеуден өзге сөз табына тән ешбір қасиет байқалмайды.

Жатыс септігінің формасымен бір жүйеде ауысып келген сөздердің келесі бір тобы мекендік қатынасты білдіретін алда, артта, іште, сыртта, жоғарыда, төменде, кеште, ертеде, басында сөздері. Аталмыш сөздердің қалыптасу жолы мен мағыналық ерекшелігіне тоқталайық. Алдымен зат есімдерден ауысқан сөздердің ерекшелік белгілерін байқайық. Негізінен алсақ, ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарасқа ие болған мекендік және мезгілдік үстеулердің түбірлері зат есімнің қай түрінен жасалғанын анықтау қажет. Біршама деерктерге сүйене отырып, түпкі мағынасын анықтауға болады. –да, –де, –та, –те формалары арқылы жасалған алда, артта, іште, сыртта, тыста сөздерінің түбірі мекендік мағынаны білдіретін зат есімдер. Қараңыз, алды+да, арт+та, іш+те, сырт+та, тыс+та. Ал күнде, кеште, ертеде, азанда, жылда үстеулері мезгіл мәнді зат есімдерден пайда болған. Қапыда, жоғарыда, төменде, әуелде, жуықта сөздерінің түбірі үстеу сөздер, сол сияқты жақында, баяғыда, алыста тәрізді сөздердің негізі сын есімдерден болғандығы анық. Негізінен, жатыс септігі формасы арқылы адвербиалданған тұлғалар әр түрлі сөз таптарынан ауысып келгендіктен, атқаратын қызметі де сол төңіректе болады. Құрылымдық ерекшелігін саралағанда аталмыш үстеулердің көбі жатыс септігін тікелей қабылдамастан алдына тәуелдік жалғауының 3 жағын салу арқылы арт+ы+нда, сырт+ы+нда, іш+і+нде, аст+ы+нда түрінде де қалыптасқан.

Тіл фактірлері, сондай-ақ жатыс жалғауын қабылдаған есімдік сөздердің де адвербиализация процесіне ұшырап, үстеулер қатарын толықтыратынын көрсетеді. Бұл жерде үстеулер тобын жаңа лексемалармен толықтыруда есімдіктердің мағыналық топтарының барлығының бірдей шешуші қызмет атқара бермейтінін айта кеткен жөн. Есімдіктердің мағыналық топтарының ішінде адвербиализация процесіне бәрінен бұрын, әсіресе, сілтеу есімдіктері жақын тұрады. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде есімдіктерге тиесілі мағыналық топтардың ішінде сілтеу есімдіктерінің адвербиалдауынан пайда болған анта , бунта, үстеулерінің ұшырасуы соның айғағы. Кейін тілдің даму барысында бұлардың қатары сонда , мұнда , қайда , анда-мұнда, анда-санда, тәрізді адвербиалданған сілтеу есімдіктерімен молайғандығы белгілі.

Жатыс жалғаулы сөздердің адвербиалдану жайын сөз еткенде, мына бір мәселеге ерекше назар аудармауға болмайды. Ол түркология да күні бүгінге дейін біресе барыс септігінің, біресе жатыс септігінің грамматикалық формасы деп қарастырылып жүрген - ра, - ре , қосымшасының жайы . Сөзіміз дәлелді болуы үшін кейбір зерттеушілердің тұжырымдарына тоқталып өтейік. В.Банг –ра, -ре формасын директив септік деп есептесе (2-10) А.фон Габэн аталған тұлғаны монғол тіліндегі –ра локативімен байланыстырады. Яғни, барыс септігінің тілдік формасы деп қарайды (3-81). В.Насилов сөз болып отырған қосымшаны локатив септігі деп таниды. (4-40). Біздің ойымызша, аталған форманың барыс септігінің қызметінен гөрі жатыс жалғауындағы функциясы басымырақ сияқты. Алайда көне түркілік дәуірде септік жалғауларының біріннің орнына бірінін қолданыла беру фактірлерін ескерсек , онда –ра, -ре жалғауларының да түркі тілдерінің көне дәуірінде барыс септігінің мәнінде жұмсалданғанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ тіл тарихында оның барыс септігі мәнінде қолданғанын айқындайтын фактілер әзірге жоқтың қасы емес. Мұның есесіне бұл қосымшаның жатыс жалғауының мәні мен қызметін атқарғандығын, сөйтіп үстеу орнына қолданылғандығын растайтын деректер көне түркі ескерткіштерінің тілінде бірсыпыра баршылық. Мысалы: Үзе көк теңірі асра йағыз қылынтукда («Күлтегін» ескерткіші). «Жоғарыда көк теңірі, астында нағыз жер жаралғанда». Үзе он қат көк асра сикс қат йер турур («Хуаст» ескерткішінен). «Жоғарыда он қат көк, төменде сегіз қат жер тұрар» .

Көне түркі жазбаларынан дәлелге алынған бұл сөйлемдерде асра сөзі таза үстеу мәнінде қолданылған, мекендік мағынада жұмсалған. Бұл сөздің түбірі ас сөзі, ал –ра жатыс септігінің көрсеткіші. «Ас» сөзі көне түркі тілінде төмен, төменде, төменгі жақта деген ұғымында қолданылған. Көне түркі жазбаларында осы сөздің басқа бір дыбыстық варианты аш сөзінің онымен жарыса қолданғандығы байқалады. Бұл сөздің де мағынасы да таудың етегі деген ұғымды білдіреді. Оған дәлел көне түркі жазбаларындағы мына бір

сөйлем: «Білігіздік еріні чөкерді ашыға», «Білігіздік ерді төмендетті». Көне түркі тілінде асра сөзінің фонетикалық варианты болып табылатын ашағы сөзі қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде қазіргі кезде де жатыс септігінің мәнінде қолданылады. Сондай – ақ көне кезеңде ұшырайтын өңре, ичре, ташра секілді үстеулердің де зат есім негіздеріне –ра,-ре тұлғалы жатыс жалғауларының қосылу арқылы жасалғаны, олардың тілдің даму барысында адвербиалданып үстеулер тобына ауысқаны анық. Көне түркілік кезеңде мекендік мәнде қолданылған –ра, -ре қосымшасы орта ғасырларда аталған мәнінен ажырап «өлі формаға» айналған, жатыс жалғауларының қатарынан шығып қалған тәрізді. Бұған, әрине, жатыс септігін мәні мен қызметін атқарған –да, -де жалғауларының қолданылу өрісінің анағұрлым ара түсуі себеп болса керек. –Да, -де жалғауы қолданыстан шығып қалған –ра,-ре қосымшасының мәні мен қызметін өз бойына жинап алған. Бірақ тілдің даму тарихы барысында қолданыстан шығып қалған қосымшалардың із-түсіз жоғалып кетпей, тілдегі кейбір тұлғалардың бойында сақталатыны белгілі. Осыған орай жоғарыда сөз болған –ра,-ре қосымшасының ізін қазіргі тіліміздегі соңыра тәрізді бірен-саран сөздердің құрамының ұшыратуға болады.

Үстеулердің жеке сөз табы болып қалыптасуында жатыс жалғауы зат есімдер секілді шығыс жалғаулы зат есімдер де маңызды орынға ие. Қазіргі қазақ тілінің құрамынан шығыс жалғаулы зат есімдердің адвербиалдануынан қалыптасқан үстеулер сан жағынан мол. Олар үлкен бір шоғыр топ құрайды: шалқасынан, төтеден, лажсыздан, шарасыздан, етбетінен, кеңінен, келтесінен, тосыннан, катеден, тезінен және т.б. Шығыс жалғаулы зат есімдердің де адвербиалдану процесі түркі тілдерінің көне кезеңінен басталған. Әуел бастағы шығыс жалғаулы зат есімдердің үстеулерге тән функцияда тұрақты, әрі ұдайы қолдануларының нәтижесінде олар бастапқы мәні мен қызметінен ажырап бірте-бірте үстеулер қатарына ауысқан, бірақ сыртқы дыбысталу қалпын сақтап қалған. Әрине, шығыс жалғаулы зат есімдердің барлығы бірдей адвербиализация процесіне ұшырай бермеген. Егер шығыс жалғаулы зат есімдердің бәрін бірдей үстеулер қатарына тели берсек, онда зат есімдерге тән септік категориясының мәнін жоққа шығарамыз, шығыс жалғаулы зат есім формаларының ішінде тек қана етістікпен пен семантикалық тұрғыдан байланысқа түсіп соның шылауында айтылып, оның мекенін, мезгілін, сипаты мен себебін көрсете алатын субстантивтер ғана адвербиалданып, үстеулер тобын жаңа лексемалармен толықтырып отырған. Ал, заттың неден жасалғандығын яғни негізін білдіретін шығыс жалғаулы зат есімдер ешқашан адвербиалданбайды, екінші сөзбен айтқанда өз категориясынан қол үзіп, үстеулер тобына ауыспайды. Мысалы: қамыстан жасалған үй. Тастан соғылған сарай. Еттен жасалған тағам және т.б. Бұлардың қатарына субстантивтену арқылы пайда болған шығыс жалғаулы зат есімдерді де қосуға

болады. Олар да заттық мәнінен ажырап үстеулер қатарын толықтырмайды. Мысалы, жақсыан шарапат, жаманнан кесапат. Оннан бесті шегер. Олардың саны жүзден кем емес. Бұлардың адвербиалданбауының басты себебі сол, олар үстеуге тән пысықтауыштық қызметті атқармайды, екіншіден, етістіктермен семантикалық байланысқа түспейді, сондықтан олармен сөз тіркесін құрай алмайды. Сонымен, шығыс жалғаулы зат есімдердің үстеулер қатарына ауысуы үшін мынадай тілдік жағдайлар қажет: а) Етістіктермен семантикалық байланыста болуы шарт; ә) Етістіктермен сөз тіркесін құрауы тиіс; б) Сөйлемде етістік арқылы көрінетін іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, себебін, сипатын білдіруі керек; в) Сөйлемде үстеулерге тән пысықтауыштық функцияда жұмсалуды шарт. Осы талаптарға толық жауап бере алатын шығыс жалғаулы зат есімдер ғана адвербиалданып өздерінің о бастағы мағынасы мен қызметінен іргелерін аулақ салып, сыртқы дыбысталу тұлғасын сақтай отырып, бірте-бірте үстеулер категориясына ауысады. Уақыт өте келе олар сол тілді пайдаланушы қауым тарапынан да үстеулер ретінде мойындалып, байырғы адвербиалдардай болып кетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Смирницкий А.И. Морфология английского языка. - М., 1959.
2. Банг В. Vierten Brief: Das privative Suffix
3. Фон Габэн А. Томановтың М. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» кітабынан.
4. Насилов В. М. Аффиксы включения : «Вопросы языка и литературы». - Москва, 1958.

Резюме

В статье рассматривается вопрос адвербиализации слов в творительном и исходном падежах в казахском языке.

Resume

The article considers the issue of adverbialization of words in the localite and ablature cases in the Kazakh language

ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІНДЕГІ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

А.Е. Баербекова

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,
Қарағанды қ.*

1885 жылдың мамыр айында Семей өңірінде Шар өзені бойында Қарамола жерінде қазақ халқының төтенше билер съезі өткізілді. Бұл съезд Қарамола съезі деп аталды. Съезге: Семей, Кереку, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан – бес дуанның болыс, билері, танымал адамдары қатысқан. Жалпы алғанда, Қарамола съезіне жүзге тарта болыс пен билер, ел басқарушылар, қатысқан. Съезді басқарған Семейдің сол кездегі генерал-губернаторы Циклинский мен әр уездің начальниктері.

Негізінен, осындай съездерде патша әкімшілік орындары жер дауы, жесір дауы, барымта, ұрлық сияқты дауларды шешетін. Сонымен қатар, елден алым-салық жинайтын еді. Бұл съездің бір ерекшелігі – сауда саттық мал мен зат айырбасы жүргізілсе, сонымен бірге, әкімшілік, саяси-құқықтық мәселелер қарастырылған. Ал ең басты ерекшелігі – қазақ халқының ұлы ақыны, төбе биі атанған Абай қатысқан. Ұлы ақын Абай дана да дара ойшыл, талас-тартыстың, даудың ақиқатын бір ауыз сөзбен бере білген әділетті би болумен қатар, қазақ жерінде заң-ережелерінің дүниеге келуіне де айрықша әсер еткен. Ұлы ақын жазуға қатысқан «Ереже» - XIX ғасырдың аяқ кезінде, 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында түптеліп, араб әрпімен баспаға шықты. Абайша, заң - әділдікке жеткізетін, бейбітшілік пен тыныштықты сақтайтын тәртіптер мен нормалардың жиынтығы болып табылады. «Ережеде» осы қағидалар берік ұстанылған. Зерттеушілердің бірі ереже 73 баптан тұрады десе, енді біреулері 74 баптан тұратындығын айтады.

Қарамола ережесі туралы деректер баршылық. Сол деректердің бірі – ғалым Б.Әбілқасымовтың «Абай» журналында жазған «Абай жазған ереже» деп аталады. Автор аталған ереженің баспаға шығуы туралы біраз деректер келтіреді. Ғалым 70-ші жылдардың орта кезінде аталған ережені Қазан қаласындағы Татар АССР-і мемлекеттік архивінен кездестірген. Фотокошірмесін жасап, қазіргі графикамызға транскрипциялап, ереженің тілдік ерекшеліктеріне сипаттама берген. Осы деректі ғалым 1982 жылы шыққан «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты монографиясында сөз ететінін мақалада айтып кеткен.

Абайдың қатысуымен қабылданған «Қарамола ережесі» заңдық тұрғыдан зерттеген Өтепберген Ақыпбекұлы 2007 жылы «Парасат» журналының №2

санында «Абай – қазақтың Төбе биі» деген мақала жариялады. Мақалада «заңгер ғалымдардың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Абай биліктерін прецеденттік сипаттағы сот шешімдерінің жарқын үлгелері» деп бағалағандары туралы жазылған [1, 2-5]. Мақаланың құндылығы - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы құқықтық нормаларды Қазақстан Республикасының Азаматтық және Қылмыстық кодекстеріндегі баптармен салыстыра отырып зерттеуінде жатыр.

Ережеде кездесетін терминдерге келетін болсақ, заң терминдері молынан қолданылған: «Бәлиғатқа толмаған қызды зорласа, айыпқа лайықты қалыңмалының үш бөлігінің бір бөлігін береді», - деген сөйлемде «бәлиғат» сөзі ерекше назар аудартады. Түсіндірме сөздікте «бәлиғат» сөзіне берілген анықтама:

1. Бәлиғат зат. сөйл. Балиғат. Жесір қалған жас әйел екінің бірінде пәлендей бір байдың көп қатынының бірі болып кететін немесе өзінің болашақ күйеуі ер жетіп, бәлиғатқа толғанша күтуге міндетті болған (ҚазССР тарихы) [3, 192].

2. Балиғат: балиғатқа толды. Кәмелетке толды, ер жетті. Балиғатқа толған қыз тұрмысқа шығып, екі жылдың ішінде бала көтермесе, онда ерінің не өзінің бедеу болғаны (м.исамбаев, Мед. анықт.) [3, 83].

Балиғат/бәлиғат сөзі кәмелет сөзінің ертеде қолданылған нұсқасы болып табылады. Кәмелет деген сөздің өзі араб тілінен «кәмалат» деген сөзден шыққан. Арабша-иранша сөздікте берілген түсініктемеге қарағанда, алғашқы мағынасы «полнота, законченность, совершенство» болған, ал кейінгі мағынасы «зрелость, совершенство» болады [4, 132].

Ережеде: «Береке бітім салауат бітім қылуға мүмкін...» деген сөйлемде бітім сөзі кездеседі.

Қазақ әдет-ғұрып құқығына байланысты ұғымның бірі – бітім сөзі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бітім» сөзіне берілген анықтамасы: «Бітім. зат. 1. Белгілі бір пәтуаға келген келісім, тоқтам. Көк қасқа сойысып, бата қылысып, құдай-құранды айтысып, араздықты тастасатын болып, бітім табысты. (М.Әуезов, Қараш). 2. Соттың (билердің) шешімі, тоқтамы. Бітім айтты. Мәмілеге келтірді, келісім айтты. Еркек болған соң екпінім де бар шығар, ептілігім де бар шығар. Бірақ бұл жолы үкім айтпаймын, бітім айтамын (Б.Нұржекеев, Күй) [3, 630].

Ертедегі қазақ қоғамында, яғни әдет-ғұрып жүйесінде би ұйғарымы бойынша дауға түскен екі жақтың екеуін де көндіріп, бір-бірімен келістірген. Бітімге келген жақ айып немесе күн төлеп, тоқтамға келіп тарасатын болған. «Бітім» сөзінен «бітімші» деген сөз өрбіген, екі жақты бір-бірімен келістіруші адам деген мағынаны білдірген. Бітім сөзі қазіргі таңда жиі қолданылады. Халықаралық құқықта мемлекетаралық факт ретінде қолданыс тапқан.

Ереженің 11-ші бабында «күмән» сөзі қолданылады: «Күмән жауапкердің елінің болыстық молдасының құранмен кесім айтылады»

«Күмән» сөзі парсы тілінен «гомән» сөзінен шыққан. Бастапқы мағынасы ой, пікір, болжам болса, кейіннен өрбіген мағынасы күдік, сезікті ой, шүбә келтіру болып табылады. Түсіндірме сөздікте берілген анықтамасы:

«Күмән зат. Сенбеуден туған сезікті ой, шүбә, күдік. Қасымды әкпардың өлтіргеніне онсыз да сеніп тұрған Бүркіт енді тіпті күмән келтірмеді (І. Есенберлин, Қатерлі)» [5, 304].

Ал «шүбә» сөзі араб тілінен «шобһе» деген сөзден шығып, бірінші мағынасы ұқсастық, екінші мағынасы сезіктену, күдіктену мағынасында қолданылған.

«Подозреваемый» хақында. Қылмыстық кодекс оны «күдікті» дейді (347-бап), ҚІЖК-тің барлық бабы оны «бірауыздан» «сезікті» деп атайды. БАҚ-тарда мұны «күмәнді» деп аударушылар кездеседі. Қайсысы болса да заңдық актілерде осының тек біреуі қолданылғаны ләзім. Қайсысы дұрыс? Күдікті сөзі сезіктіге қарағанда дәлірек сияқты» [6, 5].

Айтылған ойға қарағанда, қазіргі тілімізде «подозреваемый» сөзіне дәл келетін термин «күдікті» сөзі.

«Яғни би куәні шақырып, тиісті жауабын алса, онда дауды күмәнға салады» сөйлеміндегі куә сөзі ереженің 9-шы бабында кездеседі.

«Куә» сөзі де заң термині. Куә (свидетель) - нақты іс бойынша анықталуға тиісті қандай да бір мән-жайлардан хабардар адам. Қорғаушының немесе өкілдің міндетін атқаруларына байланысты өздеріне мәлім болған мән-жайлар жөнінде айыпталушының қорғаушысы, адвокат, қоғамдық бірлестік өкілдері, сондай-ақ тәни немесе психикалық кемістігінің салдарынан іс үшін мәні бар жағдаяттарды жете сезіну, әрі олар хақында дұрыс көрсетімдер беру қабілеті жоқ адамдар куәгер ретінде жауапталмайды.

Куә сөзі парсы тілінен «гəваһ» сөзінен шыққан. Қазақ халқында бұл сөз ерте кезден қолданылып келе жатқан сөздердің бірі. Оған дәлел қазақ мақал-мәтелдері болып табылады: Куәлі істі куә табар, куәсіз істі күмән табар.

«Куә» сөзіне берілген түсініктемелерге назар салсақ:

Куә зат. Болған істің ақиқатын растаушы, шындығына айғақ болушы. Зәбір көргенді, куәларды қазбалап сұрап алып, заң бойынша үкім шығаруға тырысады (М. Қаратаев, Дала) [3, 252].

Куәгер зат. Куәлікке жүретін адам, не басқа зат. Нарынқұм деген батыс қазақтарының өмірін сонау көне заманнан бері көріп келе жатқан тілсіз куәгер ғой (Ә.Әлімжанов, Махамбет) [3, 252].

Гуаһ, қуа, куә. 1. Бір нәрсеге айғақ болушы, растаушы. 2. Куәлік, айғақтық. Әділ істің куәсі жеңіс тауып, Берлиннің төбесіне тігіп кеттік (Ә. Сәрсембаев). Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлер да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін (Абай) [7, 239].

«Алдымен жаңылтпаштай жаңылдырып жүрген «свидетель» мен «понятой» баламаларынан бастасақ. (Понятой – қылмыстық ізге түсу органы тергеу іс әрекеттерін жүргізу фактісін оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан іске мүдделі емес, көмелетке толған адам). Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қылмыстық процеске қатысушыларды сипаттайтын тұсында (2-бөлім) свидетельді – «куә» деп береді (10-тарау, 82-б.). Ол әуел бастан «куәгер» еді, жарайды, «куә» болсын-ақ делік, ал понятой бұрындары «айғақ адам» деп аударылатын. Кодекстің сол бөлімі сол тарауында мұны «куәгер» деп аударды. Бұған да келістік. Бірақ дәл осы ҚІЖК-нің 286-бабында жаңа ғана свидетельге «куә» деп қоңырау таққан аудармашыңыз бұл ұғымды қайтадан «куәгер» деп баяндайды. Свидетелі қайсы, понятойы қайсы – жұмбақ! Еріксіз орысша мәтінге жүгінбеске шара жоқ.

Конституцияның 77-бабы мен Қылмыстық Кодекстің 347-бабы свидетельдің «куәгер» екенін растай түседі. Біздіңше, свидетельге «куәгер» аты қайтарылып беріліп, понятойға басқаша балама іздестірілуге тиіс» [6, 5].

«Ресей империясының праволық нұсқаулары негізінде енген ұғымдарды білдіретін атаулардың тағы бірі – арыз. Ол қазақ тілі лексикалық құрамында бұрыннан бар сөз, орыс тіліндегі ұғымды дәлме-дәл (калька жолымен) аударудан келіп жаңа мағынаға (терминдік мәнге) ие болған. О баста бұл сөз тілек, өтініш, шағым сөздерімен синонимдес айтылып, солармен қатар жұмсалған. Арыз айтты, арызы жетті, арыздасып айтқан сөз (өлім аузындағы қоштасу) тіркестеріндегі мағыналары жалпыхалықтық лексикадағы мағыналары болып табылады. Терминдік мәні шағым ұғымын білдіретін мағынасынан өрбісе керек. Өйткені «шағым» біреуден зәбір көрген кісі екінші бір кісіге сол мұнын айту дегенді білдіреді. Осы мағынаның негізінде орыс империясының сот жүйесі келгеннен кейін, дауласудың жаңа тәртібі ретінде жәбірленушінің үстінен айтайын дегенін жазбаша қағазға түсіріп, құжат етіп беру мағынасы туындады да, ол заңдық терминге айналды. Осы қызметте арыз сөзі рсы күннің өзінде жиі қолданылады. Айта кететін бір жай қазіргі тілімізде арызқұмар, арызшы, арызкой деген модальдік мәндегі «бұзақы», «бәлекор» ұғымын білдіретін сөздердің мазмұны «арыз» сөзінің терминдік мағынасының кейінгі дамуынан пайда болса керек.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Арыз зат. 1. Мұң-мұқтаж, тілек. Тыңда менің арызымды, сөзің адал, шын болса. Жолдастық ақта қарызынды, Сіз саусыз да, біз ауру. Байқадық бейне тәрізінді (Ү. Кәрібаев, Шығ.). 2. Өтініш. Директорға жазды Маша арызын, Айту менің азаматтық парызым. Тапсырмасын орындадым тындырып, Жоқ ешкімге енді өткізер қарызым (А. Хангельдин, Қыз жүрегі). 3. Нарызылық білдіре айтылатын шағым. Өзімхан сот мекемесіне барып, Шәкір мен Қапанның қылықтарын айтып арыз бермек болды (С. Сейфуллин, Танд.) [3, 357], - делінген.

Ал, Л. Рүстемовтің сөздігінде: «Арыз ар. [см. араз] – 1. заявление, прошение. 2. Жалоба на кого-л. 3. прощание, прощальное приветствие», деген үш мағынасы берілген [6, 32].

Абай шығармаларында бұл сөзді біреудің үстінен жазылған шағым және ауыспалы тілек, өтініш мағынасында қолданған. Сонымен қатар, шағым жазғыш, арыз бергіш мағынасында «арызшы» сөзін жиі пайдаланған.

Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің барлығына дерлік ауыспалы мағына бере білген. Ондай жәйттер өте көп. Абай тіліндегі «қағаз» сөзі де халық тілінде бар лексема. Ақын бұл сөзді парсы тіліндегі мағынасында қолданған: «Ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын... »

Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын
Өтемей кеткен бейнетін
Қағазға жазған арызын.

Ал енді ауыспалы мағынада Абай «қағаз» сөзін «документ, арыз, шағым» мәнінде қолданады. Абайдың мұндай қолданысы сол кездегі ауызекі тілдің әсерінен болу керек.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды,
Өтірік берген қағаздың
Алды артына қарайды.

Біздің ойымызша, «арыз» сөзі «ар» түбірінен шыққан. «Ар» түбірінен «ары (ар-ұяты), арыз, аршу (бірдеменің сыртын тазалау)» сөздері тараған. Көне түркілік «ар» сөзі «чистый, беспорочный, незапятнанный, светлый, ясный, прозрачный, хороший, красивый» деген мағыналарда қолданылған [8, 185].

Қазіргі тілімізде «арыз» сөзі орысша «заявление» деп аударылады. Адамның өз заңды құқығын пайдаланып, жоғары лауазым иесіне ресми түрде жазған немесе ауызша айтқан мәлімдемесі, біреуден шеккен қиянаты, көрген қорлық-зорлығы жайындағы жәбір көрген адамның берген шағымы, сонымен қатар, қылмыскердің заң орнынан кешірім сұраған өтініші ұғымдарында қолданылады.

Ережеде: «Некесі қиылмағандардың арасындағы даулар қыздың елінде бітеседі» деген сөйлемдегі «неке» терминіне келер болсақ, неке сөзінің мағынасындағы өзгерістерден де заңдық атаудың біртіндеп қалыптасқандығын көруге болады. Бұл сөздің бастапқы мағынасы екі жастың (ер мен әйелдің) жеке отбасы болып бірлесуі дегенді білдірген және оны салттық (әдеттік) тәртіп бойынша дінбасы молдалар орындаған («некесін кию», «некеге отыру») тіркестері осыны білдіреді). Ал қазір бұл процесс мемлекеттік мекеме орындайтын ереже азаматтық акті болып саналады, оған, оның орындалуына, заң жүзінде қорғалуына өзгеше мән беріледі. Сондықтан да бұл ұғымның атауы «азаматтық право» саласындағы негізгі ұғымдардың бірін білдіретін терминге айналған.

Л. Рүстемов сөздігінде: «неке араб. [некаһ: 1. брак; 2. совокупление]. 1. бракосочетание, брак, семейный союз мужчины и женщины. 2. религиозное бракосочетание, чаще всего совершается в доме жениха», [4, 54] - деп жазылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Неке зат. Жаңа үйленген адамдардың ерлі-зайыпты болғандығын ресми түрде заңдандыру ісі. Жаңа үйленіскен жастар осы Чоури храмына келіп, тізелерін бұғу қажет болған. Некелері содан кейін ғана берік болады-мыс екен (М. Әуезов, Индия очерк).

Неке куәлігі (қағазы). Жұбайлардың некеленгендігін білдіретін ресми документ. Жаңа қосылған жастарға неке куәлігі көпшіліктің басы қосылған жерде, салтанатты түрде тапсырылды («Мәдениет және тұрмыс») [3, 341].

Неке – неке және отбасы заңы бойынша ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке өзіндік қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған және азаматтық хал актілерін тіркейтін мемлекеттік органдарда тіркелген еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ болып табылады. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тек мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана туындайды.

Неке сөзінен неке жасы – брачный возраст, Неке сарайы – Дворец бракосочетания, неке шарты – брачный договор, некені бұзу – расторжение брака, некесіз туған бала – внебрачный ребенок т.б ұғымдарды білдіретін термин сөздер жасалған.

XIX ғасырдың екінші жартысында мынадай байырғы сөздер терминдік мәнге ие болды: дау, бітім, береке бітім, билік, айғақ, куәлі, күн, қалың мал, жаза т.б. Терминдік мәнге ие болған тағы бір сөз – «салауат» термині. Билер сотында бұл сөз «кешірім» деген мағынаны білдірген. Қарамола ережесінің 25-ші бабында: «Құн, жесір даулары жиырма жылдан арғылары салауат. Өзге даулар он жылдан арғылары салауат», - деп берілген. Аталған сөйлемдерде «салауат» сөзі «кешірім» мағынасын білдіріп тұр. Жалпы кешірім сөзі де жалпыхалықтық сөздік қорда бар, оның заңдық ұғымды білдіретін мәні кейін пайда болған. Бастапқы негізгі мағынасы күнәсін кешіру, кемшілігін кешіру, кешірім сұрау т.б. осы тәріздес бірқатар ұғымды білдірген болса, кейіннен осы мағыналардан өрбіген кешірім (помилование), рақымшылық жасау (амнистия) ұғымдарын білдіретін жаңа мағынасынан заңдық ұғымды білдіретін термин пайда болған.

Севортян сөздігінде «кеш (геч)» сөзінің он үш мағынасын береді, соның жетінші мағынасы «прощать, помиловать» [8, 33]. Сонымен қатар, қазақ тілінің сөздік қорында кешіру, аяу мағынасында «жарылқау» сөзі бар. Бұл жарылқау сөзі көне түркі тілінде «йарлықамақ» түрінде келген: «Исконное слово йарлықамақ со значением «милость, помилование» наблюдается в «Нахджул-фарадис»: Хақ та'аланың йарлықамақыны важиб қылған уч нарса туруп – Тремя вещами можно заслужить милость всевышнего. Это слово первоначально фиксируется в

«Тэфире» в фонетических модификациях йарлықамақ: Бағышладымыз анларқа бизин йарлықамақымыздын – Мы даровали им милость нашу и йарлықанмақ: Бәрдимиз анар йарлықанмақ – Мы дали (оказали) ему милость». Глагол йарлықа со значением «оказывать милость, миловать; простить, жалеть» неоднократно встречается в памятниках исследуемой эпохи: Йазуқлуғман мәни сән йарлықа – Я грешник, прости меня», - деп жазады ғалым Х. Дадабаев [9, 91]. Яғни «жарылқау» сөзі ерте заманда «кешіру, аяу» мәнінде жұмсалған екендігін анық байқауға болады.

Сонымен бірге, ерте кездерде «кешірім ету» мағынасында «ғафу» сөзі де жұмсалғандығын білеміз. Ғафу сөзі араб тілінен «әфу» деген кірме сөз. Алағшқы мағынасы «прощение, извинение, помилование, амнистия» мағынасында қолданылған, кейіннен «прощение, извинение» мәнінде ғана жұмсалғандығын көреміз.

«Амнистия» - грекше ұмыту, кешіру мағынасын береді. Бұл термин халықаралық термин болып табылады. Ал «помилованиенің» баламасы оғаштау болып келеді. Алдындағы «по» приставкасын алып тастасақ, «миловать» болып шығады. Ал оның түбірі кешіру, аяу мағынасын береді. Бұл сөз орыстарда көнеден жатыр. Талай тезге салынған, ажал аузындағы бейбақ патшасынан шыбын жанның саулығын сұрап, «живота, Великий Государь, помилуй нас», - деп ағына жығылған-ақ шығар. Ықылым заманнан атқа қонып, жауға шапқан біздің бабаларда жанның саулығын сұрар сөзі болмағаны ма? Әрине, бар, біледі де. Ертеде өлімге немесе ауыр жазаға кесілген адамға сауға (ғұрып) кешірім, бостандық, жеңілдік сұрамас па еді. Егер алмағайып заман туып, қазақ тілі орыс тілінің ықпалына ұшырамағанда сан ғасырдан келе жатқан сауға сөз (институты) сауға қалпында қалмаспа еді [10, 3]» - дей келе, «сарка пайдалану қағидасын» ұстанып, «помилование» сөзін «кешірім беруден» гөрі, «сауға беру» деп алуды ұсынады.

Кешірім жасау, яғни помилование – қылмыс жасағаны үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтеуден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін. Жазасын өтеген адамнан кешірім жасау актісімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін. Жеке адамға ол жөнінде айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда кешірім жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Президенті шығарады екен.

Қорыта келгенде, амнистия сөзін «рақымшылық ету» деп аударсақ, кешірім ету ұғымын «сауға беру» немесе «салауат ету» деген дұрыс болар деген ойдамыз.

Қармола ережесінің 14-ші бабында «кесім» сөзі кездеседі: «Күмән жауапкердің елінің болыстық молдасының құранмен кесім айтылады». Сөздік қорда кездесетін «кесім» сөзі мен «үкім» сөзі синонимдес болып келеді. Ережеде қолданылған «кесім» сөзі үкім, шешім мағынасында қолданылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «кесім» сөзінің екі мағынасы берілген: «Кесім зат. 1. Айыптау шешімі, шығарылған үкім, кесік. 2. Үзілді-кесілді пікір, тұжырымды ой қорытындысы» [3, 3]. Ал «үкім» терминіне мынадай анықтама берілген: «Үкім зат. 1. Соттың қылмысты істер жөніндегі шешімі, жаза. 2. Ауыс. Кесім, жарлық, билік» [3, 541].

«Арабское заимствованное слово хукм первоначально употребляется в поэме Юсуфа Баласагунского: Байат хукмы – ул барча эзгу эсиз – Все хорошее и плохое по велению бога. Наблюдается оно и у Ахмеда Югнаки. Хукм в хорезмийских памятниках XIVв. Употребляется как «решение», «воля», в словаре Замахшари функционирует в смысле «судебное решение». В арабском языке слово хукм широко используется в разнообразных сферах жизни со значениями: 1. господство; 2. власть, правление; 3. режим, строй; 4. постановление, решение, приговор, веление, заповедь, норма; 5. суждение, определение, понятие», - деп жазады ғалым Х.Дадабаев [9, 64].

Қазіргі тілімізде, заңнамада «вердикт» ұғымы кездеседі. Бұл «шешім, үкім, ұйғарым» дегенді білдіреді. Кесім мен үкімнің өздеріне тән өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ерте дәуірлерде билер кесім не үкім шығаратын болған. Үкім ауыр қылмыстық істерге шығарылса, ал кесім жеңіл, мүліктік істерден туындаған дауларға шығарылған. Сол себептен «судебный вердикат» терминін «сот кесімі» деп аударған жөн сияқты.

Қорытындылай келсек, «кесім», «кесік» сөздері «кес» түбірінен тарап, «кесім», «вердикт», «үкім» де белгілі бір мәселе жөнінде лауазымды тұлғалар шығарған шешім, байлам болып табылады.

Қарамола ережесі «Семипалат облысының беш дуанының барша халқының сайланмыш адамдарының 1885 жылында май айында Шар бойында Қарамола сиезінде жасалмыш ережесі дүр» деп аталады. Осындағы «дуан» сөзі парсы тілінің «диван» сөзінен шыққан: «дуан пер. [диван: ист. Государственная канцелярия, высший правительственный орган, отделение, ведомство] – уст. город» [4, 97]. яғни бұл сөздің көне мағынасы жоғарғы құқықтық орган болса, кейіннен «қала, аймақ, болыс» деген территориялық мағынаны білдірген. Ережеде кейінгі мәнінде жұмсалған.

Ережеде бұдан басқа да көптеген заң терминдері кездеседі, біз тек кейбір терминдерді ғана талдауға тырыстық. Ереженің бір ерекшелігі, ол – көшпелі қоғамдағы қатынастардың негізгілерін қамтуы, оларды жік-жікпен реттеуге ұмтылуы. Осындай және басқа да ерекшеліктерімен Қарамола ережесі еліміздің өмірінде аса құнды тарихи құқықтық ескерткіш болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақыпбекұлы Ө. Абай – қазақтың төбе биі. Парасат. 2007. №2.
2. Қазақтың Ата заңдары// Древний мир казахов. // ред.басқ. Зиманов С.З. Алматы, Т5. 544 б.

3. ҚТТС. 2 том. // ред.басқ. Ысқақов А.Ы. - Алматы: Ғылым. 1976, - 695 бет.
4. Рустемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. - Алматы, 1982, - 159 б.
5. ҚТТС. 5 том. // ред.басқ. Ысқақов А.Ы. - Алматы: Ғылым. 1980, - 640 бет.
6. Алауханов Е.//Заң терминдерінің аудармалары хақында// Қазақ әдебиеті, 2001. 21 желтоқсан (№21).
7. Ондасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. «Қазақстан» баспасы, - Алматы: 1974, - 240 б.
8. Севортян Э.В. «Этимологический словарь тюркских языков». - Москва, 1974, - 767 с.
9. Дадабаев Х.А. Общественно-политическая и социально-экономическая терминология в тюрко-язычных письменных памятниках XI-XIVвв. Диссертация канд.фил.наук. - Ташкент, 1991. - 381 с.
10. Алмас Жұмағалиұлы, Заң газеті, - №10, 1998.

УДК 372.811.111.1:004

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНОЙ ТЕХНОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

М.Ж. Байтенова

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, г. Астана

Когда-то великий Абай призывал казахов изучать русский язык, интуитивно он понимал, что через русский язык и русскую культуру наш народ сможет приобщиться к мировой культуре [1].

Президент в послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» подчеркнул: «...предлагаю начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков».

Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками...» [2].

В связи с этим необходимо последовательно осуществлять работу по развитию казахского языка как государственного, русского языка как языка межнационального общения и английского языка – языка успешной

интеграции в глобальную экономику и рассматривать это как один из основных приоритетов государственной языковой политики.

В рамках проекта «Триединство Языков» предусмотрено решение вопросов обучения государственных служащих не только государственному и русскому языку, но и английскому языку – языку интеграции в глобальную мировую экономику. Это необходимо для того, чтобы в будущем английский экономический перевод документации стал доступен любому предпринимателю. Расширение рынка сейчас интересует многие крупные компании, а английский язык наиболее универсален для ведения деловых переговоров. Исходя из этого мы должны использовать любые методы для освоения английского языка. Для этого нужно освоить все виды мультимедийной техники.

Так и произошло. В XXI веке перед нами встают новые задачи: сохраняя верность собственным истокам, развивая родной язык и культуру, мы должны встроиться в динамичные общемировые процессы технологического и гуманитарного плана.

Одна из главнейших особенностей общества начала третьего тысячелетия возросшая значимость интеллектуального труда, ориентированного на использование информационных ресурсов. Решающее значение имеет доступ к максимально большим объемам информации, быстрота отбора нужного знания и скорость его усвоения. Но не просто определенный объем знаний должен выносить студент из университета, а умение учиться. Скорость «прихода» информации к человеку увеличилась в тысячи раз. Наряду со знаниями, необходимо владеть умениями – умениями сбора, обработки, систематизации и анализа информационного массива, т.е. научиться жить в быстро меняющемся мире.

Используя мультимедийную технологию на уроках, мы готовим новое поколение к будущей жизни в информационном мире. Задача преподавателя в настоящее время несколько изменилась. Сейчас выигрывает тот преподаватель, который не только может дать базовые знания студентам, но и направить их действия на самостоятельное освоение знаний. Ни компьютер, ни информационные технологии сами по себе не способны сформировать интеллектуальные и эстетические качества студента, они вливаются лишь вспомогательными средствами решения мировоззренческих задач, а найти эти решения студент может лишь с помощью грамотного, творчески работающего преподавателя.

При этом в корне меняется роль преподавателя. Из «транслятора» знаний он превращается в деятельного руководителя и планировщика учебного процесса. Студент – не просто «приемник» знаний, а исследователь, ведь многие учебные программы, в большинстве своем, построены на принципах технологии развивающего обучения. Знания, добытые самостоятельно, намного более ценны

и значимы для студента, нежели усвоенные пассивно, поэтому использование современной мультимедийной технологии позволяет достаточно эффективно решать многие учебные и воспитательные задачи [3].

В настоящее время наблюдается все большее увлечение влиянием медиа-технологий на человека. Мощный поток новой информации, рекламы, изменение компьютерных технологий на телевидении, распространение игровых приставок, электронных игрушек и компьютеров оказывают большое влияние на студента и его восприятие окружающего мира. Мозг человека, настроенный на получение знаний в форме развлекательных программ по телевидению, гораздо легче воспримет предложенную на занятиях информацию с помощью медиа средств. Необходимо научить каждого студента за короткий промежуток времени осваивать, преобразовывать и использовать в практической деятельности огромные массивы информации. Очень важно организовать процесс обучения так, чтобы студент активно, с интересом и увлечением работал на уроке, видел плоды своего труда и мог их оценить. Помочь преподавателю в решении этой непростой задачи может мультимедийная технология.

Компьютерные технологии все увереннее завоевывают и обучающее пространство и, если ещё совсем недавно мультимедийные средства в методическом контексте включили в себя учебники с текстами и картинками, аудиокассеты и видеоматериалы, то сегодня это главным образом компьютер, как синтезатор всех названных средств в одном устройстве.

В последнее время на рынке учебной продукции появилось большое количество CD-ROM с курсами иностранных языков. Данные курсы, бесспорно, знаменуют собой качественно новый этап в теории и практике преподавания иностранных языков. Большим преимуществом учебных CD-ROM является их мультимедийная основа, позволяющая представлять изучаемый материал одновременно в текстовой, графической, звуковой и визуальной формах. С психофизиологической точки зрения синтез мультимедиа создает условия для интермодальной деятельности всех анализаторов человеческого мозга.

Интерактивная основа CD-ROM также чрезвычайно привлекательна и перспективна. Если при традиционном обучении задачи взаимодействия (интерактивности) решаются на занятиях в режиме живого общения преподавателя и студентов, то принципиальным отличием телекоммуникационного общения является его опосредованный характер, где основным средством и партнером общения является компьютер. Путем аудио-визуального моделирования коммуникативных ситуаций CD-ROM создает социокультурную атмосферу иноязычного речевого общения в условиях его реального отсутствия. «Эффект присутствия» позволяет обучаемому частично реализовать потребность в общении, которая считается

в психологии одной из фундаментальных потребностей личности любого возраста и которая положена в основу теории интерактивного обучения. Суть интерактивного обучения – научить творчески пользоваться языком через взаимодействие людей с различным уровнем языковой подготовки и познавательной активности путем преодоления «когнитивного конфликта» в ходе решения речевых задач.

Однако, интерактивность на базе CD-ROM не может быть реализована в полной мере в силу ограниченности виртуального общения бинарной структурой «человек и компьютер». Реализация потребности в общении у молодежи ассоциируется, прежде всего, с общением, как сейчас говорят, «в команде». Материалы социологических исследований показали, что в иерархии ценностей максимальную оценку у студентов получило «живое общение с друзьями и преподавателями».

Для автономного обучения связной диалогической речи в повседневных ситуациях общения (от самых простых до более сложных) можно рекомендовать CD-ROM курс «Talk to me». Каждый диалог конкретной ситуации и сферы общения представлен в различных модификациях, и его содержание зависит от выбора обучаемым ответной реплики из трёх представленных, которые имеют различную степень лексической и грамматической наполняемости. При желании можно воспроизвести все возможные варианты диалога (их более десяти). Одним из важных параметров данного курса является так называемый «уровень сложности». Таких уровней – семь. После прослушивания образца диалога задача обучаемого заключается в том, чтобы максимально приблизить звучание своей речи к речи носителя языка через последовательную отработку каждой реплики по требуемым уровням. Обучающая программа дает возможность прослушать реплику, повторить её, записать и сравнить со звучащим образцом. Когда компьютер отвергает произнесённую реплику, можно проделать ряд специальных упражнений и отработать длинную реплику по частям. При достижении достаточно высокого уровня обучаемый может усложнить задачу путём исключения зрительной опоры задаваемых компьютером вопросов с целью развития навыка восприятия речи на слух. Можно задать программу, когда и ответные реплики не будут появляться на экране с тем, чтобы обучаемый воспроизводил их по памяти. В обучающую программу входят также различные лексические и грамматические упражнения. Наличие «уровней сложности» дает возможность пользоваться данным курсом на разных этапах обучения: от начального до продвинутого [4].

Конечно, хотелось бы подчеркнуть работу на интерактивной доске, где можно просмотреть видеосюжеты на разные темы, ролевые игры, где можно проверить восприятие на слух. Дискутируя разгадывать разные сканворды, делать письменные упражнения и исправлять ошибки.

Также имеются курсы, предназначенные для продвинутого этапа обучения английского языка и имеет целью совершенствовать навыки делового устного и письменного общения. Он рассчитан более чем на 25 часов интерактивного обучения. В программу входит в общей сложности 30 минут видео. Это видео сюжет о регионе, где живут два действующих персонажа. В интервью с каждым из них они рассказывают о проблемах, с которыми им пришлось столкнуться в поисках работы.

В качестве курса для интерактивного обучения Business English (Деловому английскому) в ходе групповых аудиторных занятий замечательно подходит видеофильм «Alliance» учебно-методического комплекса Market Leader. Видеофильм имеет средний уровень лексико-грамматической сложности и искусно соединяет в своем содержании General и Business English. Отличительной особенностью фильма является его художественность: наличие сюжета, интриги, перипетий и, наконец, профессиональных актеров, исполняющих все роли. Благодаря художественной режиссуре, фильм лишён налёта нереальности происходящего, характерного для многих учебных фильмов, и смотрится с большим интересом. Фильм наглядно демонстрирует интерактивность предпринимателей в реальном мире бизнеса. В яркой образной форме получают жизненное воплощение ранее пройденные учебные темы: Первая встреча, Представление, Знакомство, Обед в ресторане, Ведение переговоров, Доклад по бизнес-плану, Этикет делового общения, Лидер в бизнесе, Менеджмент, Глобализация и ряд других. Обучающая программа фильма включает комплекс языковых и речевых упражнений, которые распределены по традиционным этапам методической работы с видеофильмами.

В завершении хочется ещё раз подчеркнуть, что интенсификация интерактивного и автономного обучения иностранным языкам на современном этапе, несомненно, требует мультимедийного обеспечения учебного процесса в вузе. Однако введение компьютерных образовательных технологий не должно быть механическим актом в угоду моде. Требуется продуманная и четкая система их применения «на входе» в учебный процесс с целью получения максимального обучающего эффекта «на выходе».

ЛИТЕРАТУРА

1. Абай. Слова назидания. <http://www.abai.norbekov.kz/>
2. <http://zakon.kz/141573> // Послание президента народу.
3. Мартынова Л.И., Селиванова Н.А., Синтез мультимедиа и традиционных аудиовизуальных средств в целях интенсификации обучения иностранным языкам // Компьютерные технологии в обучении иностранным языкам. – Н. Новгород НА МВД, 2002. – С. 25-33.

халықтық сипаттағы ұлттық жеміске айналғандықтан, оны ұлттық өнердің әлемдік арлы тұғырда көрінетін талантты шығармасы деп қарауға болатын құбылыс. Ақынның шығармашылық жолында туған еңбектер оның көркемдік ізденіс жолдарын, даралы стильдік ерекшеліктерін қамтиды. Ол поэзияның ең нәрлі де жауапты саласы – лирика жанрында бірінғай қалам тербеп, қазақтың қара өлең қорын құнды туындылары арқылы байытып отырды.

Дегенде перуайым, перуайым,
Түседі сізді ойласам сары уайым
Өзімнің тұсымдағы-ау шолпаным ең,

Жат пенен кеттің жырақ не қылайын?!, -деген Ақынның ғашық жүрегі сыр шертіп, махаббаттың сары уайымына батады. Махаббаттың күдіретті күші шалқар шабыт тудырып, өрнегі әсем жыр төктірген. «Шолпаным ең» деп ақын Ыбырай арман еткен ғашығын асқақтату арқылы өзінің жауһар жыры да асқақ мәнерге ие болған.

Мұндай сыршылдық қылын шертіп, лирикалық сезім толғанысын қамтыған өлең өрімі халық ақынының бай қазынасын құрайды. Мәселен, «Ал, гәк» туындысы – осының дәлелі.

Қарақат көзді, сым саусак,
Лебізің шекер бал қаймақ.
Жолыңа сенің сарп етпей,
Неге керек малды айдап.
Қарақат көзді ақ білек,
Айтайын бір сөз үлгілеп,
Қайғың алды-ау дөңемді,

Жүректің басын тілгілеп...,-деген ол, оқырманның көз алдына нағыз хор қызының сұлу мүсінін келтіреді. Таудай таланты, сөз саптауы сөзден сурет жасайды. Поэтикалық нақышы түрлі айқындауларды келтіріп, «қарақат көз, сым саусак», «шекер әрі бал қаймақ лебіз», «ақ білек» секілді эпитеттерді орайластырып, көркемдіктің, сұлулықтың дара үлгісін танытса,

Көктемнің көркем айындай,
Қытайдың қағаз шайындай,
Еркелейсің жан сәулем,
Қысырдың арда тайындай.
Шолпаным едің жұлдызы,
Мұхиттың сен де құндызы,
Ардақтаған жұмақтай,

Өзіңнен аспас хор қызы,-деген жыр жолдары өзіндік бояуымен тамаша суретке ие екендігін байқатады. Теңенің теңдессіз түрлерін тандап алып, ару қызға айрықша сипат сыйлайды. «Көктемнің көркем айындай» деп көгілдір көктемнің кереметін тілге тиек етсе, «қытайдың қағаз шайындай», «қысырдың арда тайындай» деген теңеулер өзгенің еншісінде жоқ, тек қана

Ыбырайдай дара да дана ақынның қаламына төн шеберлік белгісі екендігін айғақтайды. М.Қаратаевтың: «Шеберлік адамзаттың ұзақ тарихында, өмір мен еңбек тәжірибесінде қалыптасып, барған сайын жетіліп, шыңдалып келе жатқан аса қадірлі қасиет» [2],-дегендегі жетілген шеберлік қасиетін бейнелі сөз, балама сурет таба білуінен, нәзік те сырлы теңеулер, эпитет, метафора қолдану арқылы көркем сөз саптауынан көреміз. Шеберлік асқан талант, дарындылық пен талмас еңбектің нәтижесінде туындап, қаламгер шығармасында «Мен мұңдалап» атойламай, «қарапайымдылық, қысқа қайырушылық және айқындық» арқылы жымдасып, астасып келіп, оқушының жан жүрегін түгелдей баурап алады. Шығарма келбеті-образды сөз, құнды, құнарлы тіл дегендей, Ыбырайдың өзіндік көркемдік ерекшелігін, әдіс-тәсілдерін, оны қолданудағы шеберлігін, тіпті сөйлем құрауының ерекше екендігін көрсетеді.

Ақынның «Өстемір, Есентемір-боталарым», «Жамал қыз», «Әр –әр-ей» «Кәдірәлі», «Қайран жастық» тағы басқа әндері мен өлеңдерінің біразын сонау сұрапыл соғыс жылдарында Ыбырайдың туған жиені Молдахмет Тырбиев және оның мирасқор шәкірттерінің бірі Шәкен Отызбаев орындаса, өзімен жүздесіп, оның әсем әндерін ести отыра, өлеңдерін жаттап айтқан, шежіре, шешен Жарман Рақымов болды. Ал, бүгінгі өнерпаз өрендеріміз Ыбырай әндерінің көпшілігін насихаттаушы Мұса Асаиновтан үйренді десек, Ыбырайдың өлең-әндерін Қарағанды, Жезқазған, Жаңаарқа, Ұлытау, Қараөткел, Кереку, Семей сияқты өңірлерге таратуда ақын Тайжан (Ыбырайдың туған жиені-сенімді шәкірттерінің бірі) Қалмағанбетовтың үлкен септігі болған дегуге тиістіміз.

Академик жазушы Сәбит Мұқанов өзінің Ыбырай туралы жазған мақаласында: «Ел аузындағы аңызда жасы егде тартқан Біржан жас Ыбырай қасына еріп, әндерінен үлгі алғаннан кейін: «Ендігі Біржандарың – Ыбырай, соны тыңдаңдар», - деп Ыбырай бар жерде өзі ән айтуды қойған» деп жазыпты. Сол дәстүрмен Ыбырайдан дәріс алып, оның әндерін асқақтата шырқаған ақын-жыршы Үкілінің туған жиені Тайжан, зерделі шәкірті Нартай да дархан дарын иелері екендігін өнерқұмар қауым жақсы біледі.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы:

...Әнші бар Көкшетауда талай ірі,
Ыбырай топ жарғанның о да бірі,
Қаңбақша қыз-бозбала қағып алып,

Жайылған талай әсем ән мен жыры [3],-деген жолдар екі дәуірдің жол айырығында өмір кешкен Ыбырай Сандыбайұлының өнер жолындағы өресі басқалардан өзіндік әспет-айшығымен дараланғандығын байқатады.

Ыбырай Сандыбайұлының ата қонысы Жалғызтау алабындағы Өскен ауылының тұрғыны, жүз жасаған Мақтай Мақышұлы жас жайлаған қос жанарын қол орамалымен сүрте түсіп,- «үлкендер жағы Үкілімді еркелете,

төбесіне көтеріп, «Ыбыш» дейтін... Ақын аға сол қолын пернеге бірден апармай, шабыт шақыра, домбырасының шанағын сыйлай шертіп, ащы айқайға басқанда желді көріктей күпілдеп, алқымы салбырай, отырған орнынан жортақтай есікке таянып та қалғанын аңдамайтын арқалы ақын, дауылды дарын еді-ау, жарықтық!...

Үкілі ағамыз бір өлеңін алуан әуенмен айтқандықтан ба, қайдам, кеше орындатқан ән келесі де ұржаңа көрінетін. Ыбырайдың Доскей, (Есімсейіт)-Есімбет, Қожахметтермен айтысын білетіндер бұл төңіректе қалмады ғой, әттең шіркін!... Кезінде «Халық жауы» деп оның өлең-өндерін айтуға қатаң тыйым салып, үн шығартпай, түге, несін істемеді шолақ белсенді, қара жүрек, найсаптар!....

1929 жылы «Сырымбет» кеңшарының (қазіргі) орталық қонысында төрт сыныптық оқу үйінің бітуіне байланысты салтанатты тойды Ыбырай ағамыз «Шашу» атты үлкен толғау жыры мен ашты. Оның осынау мерекедегі даусы тым ерекше болды ма екен, кім білсін, әлі күнге дейін асқақ әуен құлағымнан әсте кетер емес...» десе, ақынның ет жақын туыстарының бірі Зейнолла қарт: « Үкілі ағамыздың Есентемір, Өстемір есімді екі ұлы болған,- Өстемір марқұм көкірегі ояу, зейінді, әкесінің көзі тірі кезінде Ыбырай айта алмаған сөзі десе де тұрарлық төкпе ақын, әсем дауысты әнші, суырып салма саңлақ, сұлу жігіт еді. Қызылжар қаласында судья-сот болып жүргенінде жінішке аурудан дүние салды ғой, қайран, қыршын жас. Үкілімнің үміт оты-Өстемірдің өлімімен бірге өшкендей болды емес пе?

Ал, Естемірден (Есептен) қалған ұрпақ-осындағы майталман механизатор Зарап Қоймановтың жұбайы-Елемес. Ол Батыр ана, он екі баланың анасы. Өшпай есімді ұлының ән-жырға икемі бар сияқты еді, әйткенмен жанұя, бала-шағасынан аса алмай өнерді одан әрі өрістете алмады ғой...

«Ат аунаған жерде түк қалады» демекші, Ыбыкеннің інісі Мырзақұл баласы Мұса Асайыновтың ақын-әнші атануына көңілімізге медеу еді-ақ, әттең мезгілсіз ажал оны да арамыздан алып кетті. Үкілімнің осы күнгі айтылып жүрген біраз өндерін туған жиені Тырбидің Молдахметінен үйреніп, жұртшылыққа таратқан Мұсажан болатын»-дейді [4].

Мал, дүние жинап дәулеттенуді қаламаған Ыбырай Сандыбайұлы ауыл, елдерді аралап жүргенде байманап, би-болыстардың қарапайым халық, кедей-кепшіктерге көрсетіп отырған қиянаттарын өлеңдерімен беттеріне басып, қатты сынаған. Оны көзі көрген қариялар мінез-күлқы өте күрделі ойламаған жерде тыңдаушысын күлкіге кеңелтіп, шаттандырса, ізінше-ақ ұялтып, жылата да білген актер, комик те екендігін сөз етеді,

Композитор-әнші Ыбырайдың шығармашылығы халықтың әншілік және ақындық өнерінен бастау алады. Оның шығармашылығының басты арнасын музыка мен поэзия құрайды. Кезінде «Қыз Жібек» операсына өзек болған «Гәкку» әні – оның шығармашылығының шыңы болып табылады.

Шынымен-ақ, қазақтың ән-күй, музыка әлемінде, халықтық әндер арасында биік орынды иеленетін «Гәкку» әні – Ыбырайдың ақындық дарынынан туған дүние.

Аралап талай жердің дәмін таттым,
Құс салып айдын көлде дабыл қақтым.
Айта алмай «Гәккуімді» ешбір адам,
Маймаңдап қоңыз қазды мамырлаттым.
Түрленіп тоқсан түрлі ән саламын,
Жай тастап құлашымды, кең аламын
Түскенде сен есіме, ерке Гәкку,

Құлпыртып осынау әнді толғанамын,-деген ақын тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік көркемдегіш құралдар мен түрлі тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады.

Бір «Гәккуіның» өзі ғана бүтіндей бір классикалық операның алтын арқауына айналған өнерпазды ұлы композитор десе болғандай. «Біржаннан алып қалған әнім еді, Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын»[5],-деген Біржан мен Ақанның шәкірті, ізбасары Ыбырайдың Күләш Бәйсейітова арқылы дүние жүзіне тараған бұл тамаша әні көптеген әндерінің біреуі ғана. Оның «Қарақат көзі» мен «Қызыл асығы», «Қараторғайы» мен «Қалдырғаны» да осындай сұлбелі операларға өзек боларлықтай.

Дархан дарынды ақын Ыбырай өлең шығарып, оны әнімен әспеттеп тындаушысына жеткізерде өзін Біржан салдың «шәкіртімін» дейді екен. Бұл пікіріміздің айқындылығына ақынның «Шалқыма» деген өлеңіндегі мына бір жолдар:

Өлеңмен екі өкпенді қалқытайын,
Қорғасындай деңенді балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді,

Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын...,-деуі ұстазы жақсының-ұстамы жақсы келетіндігін паш етер дәлел, инабаттылық, «ән пірі» атанған Біржанның күдірет-қасиетіне оның тәнтілігі болса керек.

Кезінде Ыбырайдың үздік әншілігіне, майталман шешендігіне Біржан да, Ақан да, Орынбай да, Тоғжан, Тезекбайлар да түгел ден қойған. Көкшетаудың сал, серілерінің туы енді Ыбырайда болатындығына сенген. Ақын осы туды өз заманында асқақтата көтеріп, Тайжан Қалмағанбетов, Молдахмет Тырбиев, Молдахмет Ержанов, Игібай Әлібаев, Сұраған, Мұса Асайынов, Кәрім Тахауин сынды шәкірттері мен ізбасарлары арқылы бізге мұра етіп кетті.

Жалпы, Үкілі Ыбырай шығармашылығы эстетикалық талғамы жоғары, белгілі ойдан шашау шықпас әдеміліктің жаратылысы. Ақындыққа бай азаматтық парасат пен биік адамгершілік, махаббат сезімі жұртшылықты игі істерге тәрбиелейді.

Ақын Ыбырайдың өзіндік ерекшелігі – өмір шындығын өзінше тани білуі, сезінуі, тақырыпты өзінше игеруі, өзінше ой толғап, бейнелеп айтуы, адам жанын дәріптеп, оның ұлы жүрегін, биік махаббат сезімін кең пейілмен тебірене жырлауы сияқты маңызды сипаттар танытып, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын қалдыруында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көкшетау газеті. 13. 06. 1990.
2. Қаратаев М. Көркемдік кілті шеберлік. - Алматы, 1985.
3. Сармұрзина М. Дауылбаев Ғ. Қазақ совет әдебиеті. - А., 1982.
4. Арқа ажары газеті. 12 ақпан, 2002.
5. Көкшетау газеті. 13.06.1990.
6. Көкшетау правдасы. 31.05.91.
7. Ысмайылов Е. Ақындар. - Алматы, 1978.
8. Қабдолов. З. Сөз өнері. - А., 1976.

Резюме

В статье исследуется жизнь и творчество Укылы Ыбырай-поэта, певца, композитора, исполнителя и импровизатора. При проведении исследования использованы работы Е. Ысмайылова, М. Қаратаева, М. Сармұрзина, Г. Дауылбаева.

Resume

In the article the life and creativity of Ukyly Ybyrai - the poet, the singer, the composer, the executor and the improvisator is investigated. At carrying out of the research E. Ysmajylov, M. Karataev, M. Sarmurzin, G. Dauylbaev works are used.

Ұ. ЕСДӘУЛЕТОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Б. Жанайхан

докторант, Сүлеймен Демирел атындағы университеті

Қазақ сөз өнері жаңа уақыт талаптары тұрғысынан қарастырылып, жанрлық - көркемдік мәселелері, кейіпкерлер жүйесі, тіл бедері мен стильдік сипаттары қырларынан көрініс берді. Ұлт мұраты, көркемдік құндылықтар, руханият әлемі, жекелеген қаламгерлер шығармашылығы – бүгінде тәуелсіздік ұғымы тұрғысынан негізінде кеңінен қарастырылуда.

Абай әлеміне еркін еніп, оның өлең сөздігі игі дәстүрін лайықты жалғастырған қазақ ақындары (Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт т.б.) көркемдік-рухани мәселелерді, адам мен оның еңбегін, өмір-тұрмысын тереңнен толғады. Ұлттық поэзияның ұлы мұраттарын бар қырынан ашып, биік бел-белестерге көтерген – С. Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Т. Әбдірахманова,

С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, М. Мақатав, М. Әлімбаев, М. Айтхожина, Ф. Оңғасырова, А. Бактыгереева, Н. Оразалин, О. Сүлейменов, Қ. Мырзалиев, Қ. Бұғыбаева, М. Шаханов, Т. Медетбек, Ә. Нұрғалиев, С. Иманасов, Р. Ниязбек, Ж. Әбдірашев, К. Мырзабеков, А. Егұбай, Ж. Жақыпбаев, Е. Раушанов, И. Ғайып, Т. Оразбаева, Б. Серікбаев,

Г. Салықбаева, Т. Әбдікәкімов, Н. Мәукенұлы сынды т.б. қаламгерлердің ізденіс-еңбектері, көзқарас эволюциялары, кеше-бүгін мәселесін жырлаудағы амал-тәсілдері қалың көптің көңілінен шығып, рухани нәр сыйлады. Аталған ақындар шоғырының бел ортасында: - «Жыр үшін, жыр үшін мен жаратылғам», - деген өлең-өнердің өз өкілі – Ұ. Есдәулетов те бар.

Ақынның поэтикалық әлемі жайлы бізден бұрын да айтылды. Ақын неғұрлым ұлтжанды болған сайын, соғұрлым ұлттық белгілерге жиі бармақ. Осы жағынан келгенде, Ұлықбек Есдәулетов - нағыз ұлттық ақын. Ол поэзиялық деректің баршасын дерлік ұлт өмірінен алады. Қазақтың біртуар ақыны Қадыр Мырзалиев: «Ұлықбектің ойы-ел ойымен ортақ. Бір ауыздан шыққанмен, көптің көкейіндегісін сездіреді», – деп бағалайды. Ұлттық дәстүрден тыс нәр-нақыш пен колориттен, рухтан тыс шынайы шығарма тұмайтындығын ақыл-ой алыптары талай рет айтқаны мәлім.

Ұлықбектің поэзиядағы шеберлігі туралы сөз етпес бұрын ол жайлы үзегілес ақындардың айтқан пікірлеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

«Бұл күнде Ұлықбек десе қазақ өлені, өлең десе Ұлықбек көз алдына тұра қалады. Өзі өлеңге, өлені өзіне айналып, жырға айналғандай», - дейді

Ф. Байбатыров [2, 6 б.]. Ал акын Н. Қуантайұлы «Сөз өнері – жанды құбылыс. Оның нәрі өзгеше безбенді керек ететіні, мұнда кәдеге сан емес, сапа жүгінетіні ежелден белгілі жайт. Қазақ поэзиясына майда леп әкеліп, әуезді лирикасы жүректің ен нәзік пернелерін сөйлетіп, дыбыстың айрықша үйлесімін тауып, өлең жолдарын күйше күмбірлеткен дарынды қаламгердің бірі – Ұлықбек акын» – деп баға береді [3,8 б.].

«Ұлықбек Есдәулетов – өз тұстастарынан әдебиетке әлдеқайда ерте келіп, жұрт көзіне ерте іліккен жігіт. Ол шәкірттік мектептен шұғыл түрде өтті де, өлендегі өз жолын, өз үнін бірден-ақ белгілеп алды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін бұл акын өлендері де бүгінде бұрынғыдан да ауқымын кеңейтіп, бұрынғыдан да тереңдей түсті. Оның өлендері енді қазіргі қазақ поэзиясының принциптері сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді дей аламыз», – деп баға береді белгілі акын Темірхан Медетбек [5, 22 б.].

Жоғарыда айтылған пікірлердің барлығы ақынның әр жылдары шыққан жинақтарына байланысты жазылған алғы сөздер еді. Ал қазір Ұлықбек Есдәулетов есімі республикамыздағы жыр сүйер қауымға жақсы таныс.

1977 жылдан бүгінге дейін шыққан оннан аса жыр кітабындағы мөлдір де кіршіксіз жырлардың арқауы елге, жерге деген ыстық махаббат «Перзент парызы» деген өлеңіндегі мына бір жолдардан айқын көрінеді.

Туған үйімнің терезесінен,
Қазақстан даласы көрінеді.
Аспанда ақша бұлт керіледі.
Ақша бұлтқа жолдаған сәлемі деп,
Ошағымның түтіні өрілді [12, 104 б.].

Ошақтан басталған Отанның көркем бейнесі жүректен кіріп, ойынды да, бойынды да еріксіз азаматтық пен ұлтжандылыққа толтырады.

«Ұлықбек ә дегеннен қазақ поэзиясының өзіне дейінгі жақсы үлгілерінен суарылып, енді сол дәстүрді жаңғырта жалғастыру міндетім деп келген акын. Жай таланттың алғашқы өлендерден отын қылт еткізу емес, сол оттың салған жерден маздап жануын, өзгеше, ерекше жануын мақсат еткен» – деген Ф. Қайырбековтың сөзіне қосылмасқа лажың жоқ.

«Ұлықбек акын - өлең техникасының озық үлгілерін қалтқысыз меңгерген қалам иесі. Рубаят ұйқастарының табиғаты жасанды емес, халықтық, сондықтан жеңіл ұйқасып, оңай сырласып кете бересің. Жалпы, халық тіліне жүйрік, асыл қазынасын бойына сіңіріп өскен дүлдүл шайыр рубаилары қиындықсыз тез жатталады», – деген Дидар Амантайдың пікіріне қосыла отырып, мынадай қорытындыға келдік [7]. Оның жарқын да кестелі жырлар туғызуына бір себеп – ақынның халық ауыз әдебиетінің бай мұраларымен, өзіне дейінгі ақын-жыраулардың шығармаларымен сусындалып өскендігінде.

Қайсыбір ақын болмасын, поэзия әлеміне қанат қағардан бұрын алдыңғы аға буын мектебінен дәріс алатыны шындық. Олар ауыз әдебиетінен бастап, бері де Абай, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Қасым, Мұқағали поэзияларынан сусындаған. Солардың дәстүрімен қалам тербеген. Мысалы, қазіргі поэзияда Абай дәстүрінен үлгі алмаған, Абай поэзиясынан нәр алмаған ақын кемде кем. Ұлықбек Абай дәстүрін жалғастыра отырып поэзия әлемінде өз сара жолын салды. Абайша толғап, Абай дәстүрін жалғастырғанмен, қазіргі заманғы үрдіспен жырлайды.

Ұлы Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерінің әрқайсысы адам бейнесімен беріліп, адам баласымен байланысырыла жырланады. Бұл дәстүр Ұлықбек Есдәулетов поэзиясында жалғасын тапқан. Ақынның басқа қаламгерлерден ерекшелігі де осында. Жылдың төрт мезгілін қазақы салт-дәстүрмен, ұлттық өрнектермен астарластыра жырлайды.

Ұ. Есдәулетовтің «Арқа қысы» өлеңінен Абайдың атақты «Қысына» ұқсастық байқалады. Екі дәуірде өмір сүрген екі ақынның табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Ұлы ақын Абай қаһарлы қыс мезгілін ашулы шал, көрі құда бейнесімен суреттесе, Ұлықбек қысты көрікті қыз кейпінде суреттейді.

Ұлы Абай:

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

Көрі құдаң қыс келіп әлек салды [4, 40б].

-деп қыс қаһарын көрі шалға, оның долы ашуын буырқанған боранға теңей отырып қыс мезгілінің жаратылысын ашып бейнелесе,

Ұ. Есдәулетов бұл көріністі:

Ақ сәукеле киініп,

аппақ үкі тақты бау,

ақ қайың түр бұйығып,

алқымында ақ қырау [6, 50 б].

-деп Абай жырындағы шал бейнесін қыздың бейнесімен байланыстыра жырлайды. Ұлы Абай өлеңнің басынан соңғы тармағына дейін қыс мезгілін суреттесе, Ұ. Есдәулетов жырының ерекшелігі сол - қысты аппақ үкі таққан, ақ сәукеле киген сұлу қызға теңей отырып, өтіп бара жатқан уақыт мезгілін ұзатылған жас қыз бейнесінде сомдайды.

Ақ күйынның ұршығы

көше айналып тыншыды,

қыз ұзатып жатқандай

қарлы боран сынсуы

Ұзатылып кеткен кім?

ұзын сонар өткен күн,

ерігені қыраудың

нышаны ма көктемнің? [6, 50 б].

Ақын қысты сұлу қыз болмысымен байланыстыра бейнелеуде тапқырлық танытқан. Өлең тұтасымен кейіптеу тәсілімен, ұлттық өрнектермен безендірілген.

Сынатұғын түрі жоқ,
сүйреп келген қылышы,
қасат қары сүрі боп,
қыстың мынау тұрысы.
Шана теуіп бала мәз,
оң мен солың омбы қар.
Сүлік ерін сары аяз,
сүйген жері домбығар [6, 51 б].

Ақын қыс қаһарын қылышқа теңесе, қарын сүріге, ерінін сүлікке балайды. Өлеңдегі қылыш сөзі символдық бейне болса, қардың сүрі болуы ұлттық өрнек. Ал «Сүлік ерін сары аяз» тіркесінде қыстың суық аязының бейнесі сәтті суреттелген.

Ұлттық поэзиямызда табиғатты суреттеудің озық үлгісін Абай шығармашылығынан табатынымызды жоғарыда тілге тиек еттік. Уақыттың әрбір мезетін бейнелеуде ұлы ақын ешкім бармаған тың тұстан ерекше өрнек салды. Абай ішінара көңіл күйді бейнелеп, негізінен фон болған табиғат Мағжанда сезім мен ойға ие жанды бейне болып құбылды. Поэзияның әр буыны өкілдерінің табиғатты жырламағандары кемде-кем. Дәстүр жаңарып, ерекше бояу, өзгеше сипатпен өмір сүрді. Өзіміз талдап отырған Ұлықбек Есдәулетов өлеңдері осы пікірімізге бірегей мысал

Мысалы, Ұлықбектің:
Уақытты кім жаратты екен жылдам ғып?...
Бала кезде бұлықсыдық, бұлдандық,
Жігіт шақта қызық қуып, қыз қуып,
Шатақ қуып, шалқып-тасып, жындандық,
Тайталаста түсіп талай итжығыс,
Уақыт – бізді,
Біз – уақытты құлдандық,
Қолдағының бәрі сусып уыстан,
Ақырында айдалада кұр қалдық, [12, 46]

-деген жолдары Абайдың мына өлеңімен сарындас екеніне көз жеткіземіз.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті.
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман [1, 10 б].
Ал енді мына бір өлең жолдарына көз жіберіп көрелік:
Жалынасын, боқтайсын,

Сағынасын, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті –
Жете алмайсың, тоқтайсың, [1, 84 б]
-десе Абай, Ұлықбек былайша жырлайды:
Шаттанасың, шарпысасың,
Сан қызыққа батасың,
Айтсасың, тартысасың,
Ит татпасты татасың [8, 242 б].

Біздің пайымдауымызша, екі ақынның өлеңдерінің жазылу стилі, ұйқасы, мазмұны үндесіп жатқандай. Осындай үндестікті М. Дулатов,

М. Жұмабаев өлеңдерінен де таптық.
Найзаменен түртсе де,
Жатырсың, қазақ оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, алла-ай!

-деген Міржақып жырына ұқсас, бір жағынан ақын рухына айтылған сыр сияқты жазылған Ұлықбек өлеңіне назар аударайық:

Ашылды кітап кірпігі баяу...
Аталы сөздің сиқыры бар-ау,
Ояға алмай арманда кеткен
Ұрпағы әлі ұйқылы-ояу... [12, 33 б]

-дейді. Ұлықбек Есдәулетовтің Мағжанмен үндестігін махаббат лирикасынан көптеп таптық. Мағжан Жұмабаев:

Махаббат – бір тікөнек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар.
-десе, Ұлықбек ақын:
Шөлдеген жандай қаталап,
Махаббат дейміз, махаббат.
Махаббат деген немене,
Бұлақ па ішер жата қап? [12, 24 б]
-дейді. Немесе Мағжан:
Сенсің, досым, жібек мінез, жібегім,
Сені ғана сүйем - куә жүрегім.
-деп жырласа, Ұлықбек:
Сені ғана сүйемін,
Бір өзінді,
Қылығыңды сүйемін, мінезінді, [12, 144 б]
-дейді. Енді мына бір жолдарға тоқталсақ:
Сол бір әнді сен маған жырламашы,

Жатыр онда жастықтың жылнамасы.
Сөніп қалған жанартау қайта оянар,
Қайта ашылар жүректің бір жарасы [4, 46 б]
-деген жолдардан Мұқағалимен сабақтастықты байқауға болады.
Бір жанартау жатушы еді төсімде,
Жана-жана айналған ба өшуге?!
Қызыл күрең алау оттың орнында,
Қылымсыған қыз-сағымдар көшуде [8, 35 б].

Пікірімізді қорытындыласақ, Ұ. Есдәулетов өзіне дейінгі ақындарды өзіне үлгі ете отырып, солардың ізін жалғастырып келеді. Жай ғана жалғастырып қоймай, жаңаша жалғастырып келеді.

Ақын Серік Ақсұңқарұлы болса: «Ұлықбек Есдәулеттің азаматтық лирикасын интимдік лирика секілді құмартып, құныға оқисың. Киіз туырлықты қазақтың керегесі мен уығы, шымылдығы мен ошағы, түндігі оның өзегінен өлең болып төгіліп, төрткүл дүниеге көңіл қыдыртады», - деген баға береді [10, 172 б].

Ақ бесігін тастаса да қырқысқа,
Атымтай боп көрінуге жұрт ұста
Бабалардың қаны сіңген байтақ жер,
Айналып бір кетпесе екен жыртысқа [46, 119 б].

Бабаларымыздың қасық қаны қалғанша жаумен шайқасып, ұрпақтарына, бізге аманат еткен жері бір күні «жыртысқа» айналып кетер ме екен деген қауіпті ой ақынды Абайша толғандырады.

Ым менен жым жең ұшынан жалғасқан,
Сұм дүние бір-бірімен арбасқан,
Көсемдердің қабақтарын қар басқан,
Шешендердің шудаларын шаң басқан,
Құсы құлап,
Қаңырап бір қалды аспан!
Ақындардың жүрегінен қан қашқан,
Пақырлардың қалтыраған қолдары
Жаратқанның жағасына жармасқан, [46, 110 б]

-дейді «Қара базар. Домбыра сатушының жыры» атты өлеңінде. Бұл өлеңде Махамбет ақынның дәстүрі бар. Өлеңді оқи отырып, көз алдына бір қорқынышты сурет келеді. Мұндағы мұңлы, элегиялық сарын Махамбеттің «Мұнар күн» өлеңімен рухани үндестік тапқандай.

Қорыта келе, айтарымыз Ұлықбек өлеңдеріндегі ақындық қуат пен дәстүр жалғастығы сан салалы тақырыпты қозғайды. Осы ретте, ақын шығармашылығындағы көркемдік бітім мен тақырыптық бағыт үйлесімділігі арнайы зеттеуді қажет ететін перспективті мәселе екенін ескертуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай 2 томдық шығармалар жинағы. II том. –Алматы: Жазушы, 1986. -155 б.
2. Байбатыров Ф. Шабыт кergen көкірегінің шанағын . –Алматы: Дидар, 2002. -2 қараша.
3. Қуантайұлы Н Кестелі жырдың кемелі. Ана тілі, 2002.- №48.
4. Есдәулетов Ұ. Жұлдыз жарығы. -Алматы: Жазушы, 1977. -225 б.
5. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім? - Алматы: Өлке, 2001. - 248 б.
6. Есдәулетов Ұ. Алтайдың алтын тамыры .-Алматы: Жазушы, 1979. -160 б.
7. Амантай Д. «Мойынындағы қамыт қажап» . –Алматы: Ана тілі, 2004. - 29 сәуір
8. Есдәулетов Ұ. Ұлыстың ұлы күні. - Алматы: Жазушы, 1982. -120 б.
9. Әлімбаев М. Жанымның жапырағын жамыратып. –Алматы: Жас Алаш, 2004. - №53.
10. Ақсұңқарұлы С. Түсіме енеді жылқының кісінегені. . –Алматы: Жұлдыз, 2002. -№8.
11. Қабдолов З. Сөз өнері/З. Қабдолов.- Алматы: Қазақ Университеті, 1992. - 128 б.
12. Есдәулетов Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. I том – Алматы: Жазушы, 2006. -292.

Резюме

В этой научной статье разносторонне рассмотрены произведения Улукбека Есдаулетова, в которых отражены сила и традиции поэта.

Resume

In this article Ulukbek Esdauletov's poems have been analysed in the point of poetic strength and tradition continuity.

УДК 378.147

**СУЩНОСТЬ ТЕХНОЛОГИИ ПРОБЛЕМНОГО
ОБУЧЕНИЯ**

Ж.Б. Ибраева, Г.Т. Мусина

Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар

В данной статье рассматривается технология проблемного обучения, как педагогическая концепция, функции технологии, преимущества и эффективность применения технологии на уроках литературы.

В настоящее время проблемное обучение является не столько педагогической технологией, сколько методикой или даже подходом к обучению, и в зависимости от уровня той или иной своей составляющей может служить различным целям и органично применяться в различных действующих педагогических технологиях.

Концепция проблемного обучения, как и любая другая педагогическая концепция, при ее формулировке неизбежно раскрывает субъективные особенности сознания, предпочтения педагога или исследователя. Именно поэтому в педагогической литературе даются различные определения этого понятия, в той или иной мере отражающие отношение автора к педагогическому процессу и соответствующую иерархию образовательных ценностей. Кроме того, у проблемного обучения имеется своя история развития, наложившая свой отпечаток на это понятие. Если, например, И.Я. Лернер, стоявший у истоков популяризации проблемного обучения в России, под проблемным обучением понимал решение учащимся (под руководством учителя) новых для него познавательных и практических проблем в системе, соответствующей образовательно-воспитательным целям школы, то в современной практике проблемное обучение могут определять и как «особый тип обучения, характерную черту которого составляет его развивающая по отношению к творческим способностям функция» [1, с.25-26].

В теории М.И. Махмутова проблемное обучение представляет собой «тип развивающего обучения, в котором сочетаются систематическая самостоятельная поисковая деятельность учащихся с усвоением ими готовых выводов науки, а система методов построена с учетом целеполагания и принципа проблемности [2, с. 35]; процесс взаимодействия преподавания и учения ориентирован на формирование познавательной самостоятельности учащихся, устойчивости мотивов учения и мыслительных (включая и творческие) способностей в ходе усвоения ими научных понятий и способов деятельности, детерминированного системой проблемных ситуаций».

Проблемное обучение обеспечивает возможности творческого участия обучаемых в процессе освоения новых знаний, формирование познавательных интересов и творческого мышления, высокую степень органичного усвоения знаний и мотивации учащихся.

Фактически основой для этого является моделирование реального творческого процесса за счет создания проблемной ситуации и управления поиском решения проблемы. При этом осознание, принятие и разрешение этих проблемных ситуаций происходит при оптимальной самостоятельности учащихся, но под общим направляющим руководством педагога в ходе совместного взаимодействия.

Основным понятием проблемного обучения является проблемная ситуация, представляющая собой интеллектуальное затруднение человека,

возникающее в случае, когда он не знает, как объяснить возникшее явление, факт, процесс действительности, не может достичь цели известным ему способом, что побуждает человека искать новый способ объяснения или способ действия. Проблемная ситуация обуславливает начало мышления в процессе постановки и решения проблем [3, с. 44].

Исходя из этого проблемным учением является такая учебно-познавательная деятельность учащихся по усвоению знаний и способов деятельности, при которой учащимися воспринимаются объяснения учителя в условиях проблемной ситуации, с той или иной степенью самостоятельности анализируются формулировки проблем и достигается их решение посредством выдвижения предложений, гипотез, их обоснования и доказательства, а также путем проверки правильности решения.

Проблемные ситуации и, соответственно, все проблемное обучение строятся на принципе проблемности, противоречия как закономерности познания, как основного механизма, активизирующего обучение уже на уровне учащихся.

Действие этого механизма и, соответственно, концептуальная основа всего проблемного обучения основаны на психологической теории мышления, выдвинутой в советской психологической школе еще С.Л. Рубинштейном. В его теории мышление представляет собой продуктивный процесс, связующий всеедино объекты познаваемой действительности. Объекты действительности всегда содержат в себе определенные внутренние и (или) внешние противоречия, проблемы, задачи которые субъект (мыслящий, а в данном случае – учащийся) должен разрешить в процессе их практического преобразования и (или) мысленного осознания, то есть предметный мир открывается человеку, будучи исполненным проблемностью, что и вызывает необходимость в мышлении. Согласно его концепции именно проблемной ситуацией, противоречием, определяется вовлечение личности в мыслительный процесс.

В процессе мыслительного процесса и разрешения, тем самым, такой проблемной ситуации происходит осознание познавательной потребности субъекта, которая, будучи осознанной, побуждает уже мыслительную активность человека.

Под проблемными ситуациями в обучении мы понимаем спланированное, специально задуманное средство, направленное на пробуждение интереса у учащихся к обсуждаемой теме.

Основная цель создания проблемных ситуаций заключается в осознании и разрешении этих ситуаций в ходе совместной деятельности обучающихся и учителя, при оптимальной самостоятельности учеников и под общим направляющим руководством учителя, а так же в овладении учащимися в процессе такой деятельности знаниями и общими принципами решения проблемных задач.

Ситуации могут различаться степенью самой проблемности. Высшая степень проблемности присуща такой учебной ситуации, в которой человек [4, с. 34-42]:

- 1) сам формулирует проблему (задачу);
- 2) сам находит ее решение;
- 3) решает и самоконтролирует правильность этого решения.

Проблемные ситуации основаны на активной познавательной деятельности учащихся, состоящей в поиске и решении сложных вопросов, требующих актуализации знаний, анализа, умение видеть за отдельными фактами закономерность и др.

В качестве проблемной ситуации на уроке могут быть:

- проблемные задачи с недостающими, избыточными, противоречивыми данными, с заведомо допущенными ошибками;
- поиск истины (способа, приема, правила решения);
- различные точки зрения на один и тот же вопрос;
- противоречия практической деятельности.

Напомним пути, которыми учитель может привести учеников к проблемной ситуации:

- побуждающий диалог – это «экскаватор», который выкапывает проблему, вопрос, трудность, т.е. помогает формулировать учебную задачу;
- подводящий диалог: логически выстроенная цепочка заданий и вопросов – «локомотив», движущийся к новому знанию, способу действия;
- применение мотивирующих приёмов: «яркое пятно» – сообщение интригующего материала (исторических фактов, легенд и т.п.), демонстрация непонятных явлений (эксперимент, наглядность), «актуализация» – обнаружение смысла, значимости проблемы для учащихся.

Решение любой проблемы начинается с ее правильной и четкой формулировки. Процесс формулировки означает, что ученик уже понимает возникшую перед ним задачу и в известной мере видит, «нащупывает» пути ее решения, то есть, составляет план решения, затем осуществляет план и «оглядывается назад» (изучение полученного решения).

Существует три вида решения проблемы в зависимости от наличия у решающего определенного опыта в отношении данного класса проблемных задач [5, с. 56-57].

Первый вид решения. Сюда относится случаи решения таких задач, относительно которых у решающего нет никакого прежнего опыта. В этих случаях субъект идет путем проб и ошибок до тех пор, пока одна из проб более или менее случайно не приведет к решению проблемы.

Второй вид решения. Сюда относятся ситуации, относительно которых у человека имеются некоторые формулы, схемы и другие виды опыта. Решение происходит здесь в форме узнавания в предложенной ситуации одной из имеющихся схем.

Третий вид решения проблем заключается в том, что у человека имеется некоторый опыт, но опыт этот во всей его совокупности не позволяет человеку

решить данную проблему. Решение здесь состоит в том, что создаются на основе анализа условий задачи специально для данного случая новая, не имевшаяся ранее схема действий.

Существенной чертой процесса решения проблем является сбор информации о признаках и свойствах элементов, составляющих проблемную ситуацию.

Логика решения учебной проблемы:

- а) составление плана решения проблемы (обязательно план включает в себя выбор вариантов решения),
- б) выдвижение предположения и обоснование гипотезы (возникает в результате «мысленного забегания вперед»);
- в) доказательство гипотезы (осуществляется путем выведения из гипотезы следствий, которые проверяются);
- г) проверка решения проблемы (сопоставление цели, требования задачи и полученного результата, соответствие теоретических выводов практике);
- д) повторение и анализ процесса решения.

Исходя из задачи общеобразовательной школы и на основе выводов из сравнения традиционного типа обучения с проблемным можно сформулировать основные функции проблемного обучения. Их можно разделить на общее и специальное. Можно указать следующие общие функции проблемного обучения:

- усвоение учениками системы знаний и способов умственной и практической деятельности,
- развитие интеллекта учащихся, то есть их познавательной самостоятельности и творческих способностей,
- формирование диалектического мышления школьников,
- формирование всесторонне развитой личности.

Кроме этого, проблемное обучение имеет и следующие функции:

- воспитание навыков творческого усвоения знаний (применение системы логических приемов или отдельных способов творческой деятельности),
- воспитание навыков творческого применения знаний (применение усвоенных знаний в новой ситуации) и умение решать учебные проблемы,
- формирование и накопление опыта творческой деятельности (овладение методами научного исследования, решение практических проблем и художественного отображения действительности),
- формирование мотивов обучения, социальных, нравственных и познавательных потребностей.

Каждая из указанных функций осуществляется в разнообразной практической и теоретической деятельности школьника и зависит от учета характерных особенностей проблемного обучения, которые одновременно являются и отличительными признаками [6, 142-145].

Мастерство учителя проявляется больше всего в организации проблемных ситуаций.

При проблемном обучении учитель остается руководителем учебного процесса, но выходит из роли человека сообщающего знания в традиционной школе, и становится тем, кто развивает, наблюдает мыслительные операции учащихся, исправляет ошибки, разъясняет сомнения [7, с.105].

Наблюдая работу коллективов, учитель видит то, что не замечал часто, проводя работу со всеми, - ведь отдельного ученика можно наблюдать в моменты спокойной работы, в минуты творческих поисков, дискуссий.

Реализация проблемного обучения поднимает очень важный вопрос, который сам по себе является проблемой: «какую подготовку должны пройти учителя, чтобы успешно справиться с такого рода обучением?»

Учитель должен владеть как объяснительным, так и исследовательским методами обучения. Выступая в роли организатора обучения на проблемной основе, учитель призван действовать скорее как руководитель и партнер, чем как источник готовых знаний и директив для учащихся.

Проблемное обучение при правильной его организации способствует развитию умственных сил учащихся (противоречия заставляют задумываться искать выход из проблемной ситуации затруднения); самостоятельности (самостоятельное видение проблемы, формулировка проблемного вопроса, проблемной ситуации, самостоятельность выбора плана решения и т.д.); развитию творческого мышления (самостоятельное применение знаний, способов действия, поиск самостоятельного нестандартного решения). Проблемное обучение обеспечивает и более прочное усвоение знаний (то, что добыто самостоятельно лучше усваивается и на долго запоминается); развивает аналитическое мышление (проводится анализ условий, оценка возможных вариантов решений), логическое мышление (требует доказательств правильности выбираемого решения, аргументации) [8, с. 115].

Проблемное обучение вооружает школьников методами познания окружающей действительности, развивает умения и навыки целесообразного наблюдения, воспитывает способность к обобщениям и выводу основных закономерностей с обоснованием их, прививает вкус к доступной исследовательской работе.

Учащиеся быстрее осмысливают сущность изучаемого явления и дают обоснованные ответы. У них развиваются познавательные потребности и интерес, воспитывается убежденность в знаниях, так как учащиеся сами выдвигают гипотезы и сами доказывают их.

Но проблемное обучение имеет и недостатки. Не всегда легко сформулировать учебную проблему, не весь учебный материал можно построить в виде проблем; проблемное обучение не экономично – требует больших затрат времени.

ЛИТЕРАТУРА

1. Лернер И.Я. Проблемное обучение. - М.: Знание, 1974, - с. 25-26.
2. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. Книга для учителя. - М.: Просвещение, 1977, с. 35.
3. Махмутов М.И. Принцип проблемности в обучении. // Вопросы психологии. 1984. № 5 - с. 44.
4. Ильницкая И.А. Проблемные ситуации.- М., 1985, - с. 34-42.
5. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. - М.: Педагогика, 1972, - с. 56-57.
6. Скаткин М.Н. Решенные и нерешенные вопросы проблемного обучения// Учительская газета. 1973, - с. 142-145.
7. Кудрявцев Т.В. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. - М.: Знание, 1991, - с. 105.
8. Вилькеев Д.В. Познавательная деятельность учащихся при проблемном характере обучения основам наук в школе. Казань: Изд-во КГУ, 1967, - с. 115.

Түйіндеме

Осы мақалада проблемалық оқу технологиясы педагогикалық концепция сияқты, технология функциялары, артықшылық және технология қолдану нәтижелілігі әдебиет сабағында анықтап қарастырылған.

Resume

In the given article is considered technology of the problem-solving education, as pedagogical concept, functions to technologies, advantage and efficiency of using to technologies on lesson of the literature.

УДК 82

**НОВЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ
НАУЧНОЙ ПАРАДИГМЫ
В СРАВНИТЕЛЬНОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ****Ж.Б. Ибраева***Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар*

Мы неоднократно указывали на тот факт, что в мировом сообществе расширились возможности человеческого общения, что общезначимые художественные явления сближают народы, сближают процессы, протекающие

в разных литературах. В этой связи идет переоценка и переосмысление современной компаративистики как направления в литературоведении, отражающего актуальные проблемы взаимодействия, интеграции в мировом литературном процессе. Понимая, что мир изменился кардинально не только на стыке веков, но и на переломе тысячелетий, мы подчеркиваем важность рассмотрения новых методологических подходов, необходимость создания новой научной парадигмы в данной отрасли литературоведения.

Отмечая, что при взаимосвязанном изучении национальных литератур, необходимость которого диктуется социально-политическими, историко-культурными и национально-литературными реалиями современной жизни, мы подчеркиваем неизбежность изучения проблемы межлитературного синтеза, определения типа литературных отношений, их роли, места и значения в мировом литературном процессе.

Переосмысление и переоценка истории национальных литератур, происходящая в последнее время на всем постсоветском пространстве и в мировом сообществе, совершенно невозможна в отрыве от мирового литературного процесса, в изолированном виде, без учета достижений современной науки, ее прогностических моделей в русле сравнительного литературоведения. По мнению современных ученых «в литературоведении интенсивно идут процессы формирования новой научной парадигмы, отражающие принципиально иной этап становления его методологии. Параметры этой методологии оформляются в рамках перехода от неклассической к классической картине мира, т.е. от стихийной свободы и ниспровержения устоявшихся норм и традиций в науке к поиску новых, относительно устойчивых критериев, синтезирующих как академическую базу литературоведения, так и ее новаторские трансформации» [1].

Если мы указываем на объективную необходимость смены научной парадигмы, в целом, в литературоведении, то необходимо указать, что потребность коснулась и сравнительного литературоведения. Следует отметить переход «от жесткой историко-генетической упорядоченности в анализе литературных взаимодействий к осмыслению их внутренней подвижности, синергетической самодостаточности. В целом это означает переход от диахронных аспектов сравнительного изучения закономерностей развития литературы к постижению их синхронной диалогической природы» [1]. Такой подход ведет к переосмыслению многих фундаментальных понятий, таких, например, как «принцип историзма», «сравнительно-исторический метод» и др. Мы признаем, что в настоящее время в компаративистике складывается своя теоретическая и историческая поэтика, в связи с чем возникает потребность систематизации ключевых определений.

При исследовании литературных связей мы обращаем внимание на широту проблематики, освещение многих аспектов мирового сравнительного

литературоведения, которым уделялось недостаточное внимание при социалистической школе сравнительно-исторического литературоведения, таких, например, как проблемы тематологии, мифологии, имагологии, взаимодействия между литературой и другими видами искусств [2].

«Термины, применявшиеся в этой области литературоведения достаточно разнообразны, например, теория влияния, теория заимствования, теория самозарождения, сравнительно-исторического изучения, сравнительно-исторический метод, сравнительное литературоведение, сравнительная литература, международный литературный обмен, «взаимосвязи и взаимодействия литератур», «типологическое», «стадиальное», изучение литератур и другие» [3].

В данной статье мы остановимся на одном из них – сравнительно-историческом методе, принимая во внимание факт терминологических разночтений и важность решения этой проблемы не только для отечественного литературоведения.

Так, статья в Большой советской энциклопедии раскрывает следующие положения сравнительно-исторического метода – «научный метод, с помощью которого путём сравнения выявляется общее и особенное в исторических явлениях, достигается познание различных исторических ступеней развития одного и того же явления или двух разных сосуществующих явлений; разновидность исторического метода (см. Историзм). С.-и. м. позволяет выявить и сопоставить уровни в развитии изучаемого объекта, произошедшие изменения, определить тенденции развития. Можно вычленить различные формы сравнительно-исторического метода: сравнительно-сопоставительный метод, который выявляет природу разнородных объектов; сравнение историко-типологическое, которое объясняет сходство не связанных по своему происхождению явлений одинаковыми условиями генезиса и развития; историко-генетическое сравнение, при котором сходство явлений объясняется как результат их родства по происхождению; сравнение, при котором фиксируются взаимовлияния различных явлений» [4].

Указывая на процессы интеграции между национальными литературами (область литературоведения), мы отмечаем возросшую роль интегративных связей между различными областями наук, так, при обращении к энциклопедии культурологии мы находим следующее: «Сравнительно-исторический метод (или сравнительный, кросскультурный, компаративный метод) - метод исследования, позволяющий путем сравнения выявлять общее и особенное в развитии стран и народов мира и причины этих сходств и различий. Широко применяется в исторических науках, культурологии, социологии, этнографии сравнительно-исторический метод - один из основных способов реконструкции первобытного общества, исследования этногенеза народов мира; общего и особенного в развитии этнических культур

Сондай-ақ, –ша, -ше тұлғасы қазақ тілі оқулықтарында жазылып, айтылып жүргендей жалқы есімдерге қосылғанда сөзжасамдық емес, сөзтүрленімдік қызмет атқарады. Мысалы, Оспановша, Адамбаевша, Мұхтарша, Қибігүлше деген сөздердің құрамындағы –ша, -ше жұрнағы сөзжасамдық тұлға деуге бола ма? Біздің мұндай пікірлерге қарсы айтар дәлелдеріміз жоқ емес. Біріншіден, жаңадан пайда болатын сөз қоғамдық әлеуметтік өмірдің сұранысын қанағаттандыру үшін жасалып, өзінің тұрақтылық қалпын сақтайды. Ол жеке сөйлеушінің талап-тілегінен тумайды, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің жаңа сөздерге деген сұранысын өтеу үшін пайда болады. Сол себептен тілдің сөздік құрамында жаңадан қалыптасқан сөздердің басым көпшілігінде модальдық мән бола бермейді. Ал, Оskarовша деген лексеманың бойынан жаңа сөздерге тән белгі, қасиеттер табыла бермейді. Мұндай үстеу мәнді сөздер сөйлеу процесінде айтушының белгілі бір іс әрекетке жеке көзқарасын білдіру үшін стихиялы түрде пайда болады. Осыған орай оларды модальдық мағына айқын білініп тұрады. Сондай-ақ, –ша, -ше тұлғалы жалқы есімдерге тұрақтылық белгі де болмайды. Осыған байланысты болса керек, сөздік жасау процесінде олар реестр сөз ретінде қабылданбайды. –Ша, -ше аффиксі өзі жалғанған негізді лексикалық бүтін деңгейіне көтере алмайды. Мұның үстіне түбір мен оған жалғанған –ша, -ше аффиксінің арасындағы семантикалық байланыс та өзге туынды түбірлерге қарағанда анағұрлым солғын болады. Бұлардың арасына яғни негіз бен аффикстің арасына септік, тәуелдік жалғаулары сыналап кіріп кете береді. Мысалы: 1. Оспановша-Оспановтарша-Оспановынша. 1. Дүйсенше-Дүйсенімше-Дүйсендерше. Осы аталған ееркшеліктеріне орай мұндай –ша, -ше тұлғасы жалқы есімдер салыстыру мәнді зат есімдер ретінде субстантивтер қатарында қала береді. Болмаса оларды грамматикалық функциялық қызметтерін есепке ала отырып зат есімдер құрамындағы адвербиалдану бағытындағы элементтер ретінде қарастырған дұрыс.

Сан есімдердің –ша, -ше жұрнағы арқылы түрленімінде осының алдында сөз еткен сан есімдегі тілдік жағдай дәл сол күйінде қайталаанады. Мұнда да сан есім негіздеріне қосылған –ша, -ше тұлғасы әуелгі кезде оларды субстантивтендіріп барып сан есім негіздерін өзге лексикалық единицалармен грамматикалық байланысқа түсіреді. Дәлірек айтсақ, сан есімдерге үстемеленген –ша, -ше жұрнағы бұл арада семантикалық түрленім емес,

грамматикалық байланыстырушы қызмет атқарады. Бұдан пайда болған тілдік тұлға, әлбетте, салыстыру мағынасында қолданылады. Мысалы, жүздерше, мындарша, мынша, миллиондарша. Айта кететін бір жайт, ол қазақ тілінен басқа түркі тілдерінде сан есім негіздеріне жалғанған –ша, -ше аффиксі грамматикалық байланыстырушы қызметін емес, семантикалық сөзтүрленім функциясын орындайды.

Аталған аффикс есімдіктерге де қосылып, сөзтүрленімдік сипат алады. Жалпылау және сұрау есімдіктеріне жалғанған –ша, -ше аффиксі семантикалық сөзтүрленімдік реңк алса, есімдіктің басқа мағыналық топтарына үстемеленген –ша, -ше аффиксі грамматикалық байланыстырғыш ролінде жүреді. Ескере кетер бір жайт, қазақ тілі грамматикаларында, кейбір қазақ тілі оқулықтарында, –ша, -ше аффиксінің сөзжасамдық қызметі сөз болғанда, оның есімдік негіздерінен де жаңа үстеу сөз жасайтыны айтылып қалады. Мысалы, 1967 жылы жарық көрген академиялық грамматикада, А.Ысқақовтың жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтың оның сілтеу, жалпылау, сұрау және өздік есімдіктеріне жалғанып, үстеу сөз жасайтыны баяндалады. Оған өзімше, қалайша, онша, сонша және т.б. тәрізді сөздер дәлел. Әрине, бұл жерде автордың мұндай көзқарастарымен келісу қиын. Олар, ең бастысы, –ша, -ше аффиксінің сөзтүрленімдік қасиетін ескермейтіндіктен қонымсыз пікірлерге бой алдырған. Алайда, бұлардың сөйлемде үстеу орнына жүріп, пысықтауыштық қызмет атқаратыны аясында қарастырып, адвербиалдану бағытында тұрған лексемалар деп қарастырған жөн сықылды.

Оларды әлбетте, септік шылаулармен немесе септік жалғаулармен ауыстырып айтуға, сөйтіп басқа бір синтаксистік құрылым жасауға болмайды. Сондықтан, мұндай –ша, -ше тұлғалы лексикалық единицалар толық адвербиалданған формалардың қатарына жатады. Мысалы, ізінше, әлінше. Бұлар тілдік қажеттілікті орындау мақсатында сөйлем құрамында пысықтауыштық қызметте жиі әрі тұрақты қолданылғандықтан, бірте-бірте өзінің бұрынғы модельдік мәніне ажырап, үстеу сөздер болып қалыптасқан. Бұлар қазіргі тілдік сөздік бүтін деңгейінде жеткен лексикалық құрылым болып саналады.

–Ша, -ше қосымшасы адвербиалданған модаль сөздердің құрамын да сөз тудырушы аффикс ете, сөз түрлендіруші тұлға болып танылады. Мысалдарға жүгінейік: барынша, керегінше, мүмкіндігінше, көбінше. Қазіргі қазақ тілінің лексикалық нормасы бойынша бұл сөздер үстеулер үстеулер қатарына жатқызылып жүр. Бұлардың лексикалық, құрылымдық-функциялық тұрғыдан алып қарағанда үстеу сөздер екені анық. Бірақ әңгіме басқада. Мәселе бұлардың қандай жолмен, қандай тілдік амал-тәсілмен үстеу болып қалыптасқандығында. Мысалға келтіріген сөздердің құрамындағы

–ша, –ше аффиксінің бұл арада еш сөзжасамдық ролі жоқ. Ол аталған сөздердің құрамында сөзтүрленімдік қызметте ғана оның аталған сөздерді адвербиалдануға еш қатысы жоқ. Біздіңше, модаль сөздерге жалғанған –ша, –ше қосымшалы сөздерді де үстеуге айналдырып тұрған бірден-бір фактор-синтаксистік қолданыс. Пысықтауыштық функцияда тұрақты әрі ұдайы жұмсала келе бұлр да өзге тілдік формалар сықылды адвербиализация үдерісіне ұшырап, үстеу болып біржола орныққаны анық.

Субстантивтенген сын есім негіздеріне үстемеленген –ша, –ше аффиксі де сөзтүрленімдік сипатқа ие болады: үлкендерше, жақсыларша, ескілерше, дәулерше, жамандарша. Бір қарағанда, субстантивтенген сын есімдерге қосылған –ша, –ше формасы салыстырма мәнді үстеулер тудырып тұрған сықылды. Алайда, түбір мен –ша, –ше аффиксінің арасына орналасқан көптік жалғаулары оған ондай мүмкіндік бермеген, түбір мен сөз тудырғыш қосымшаның бір тұтас бүтін болып тұтастануына кедергі келтірген. Осыған байланысты –ша, –ше аффиксі сөзжаамдық деңгейге өктеріле алмаған, тек сөзтүрленімдік шеңерде қалып қойған, бүкіл құрылым салыстырма мәнді зат есімдер болып танылған.

Сапалық сын есімдерге қосылған –ша, –ше тұлғасы да туынды түбір жасай алмайды. Олар да сөзтүрленімдік қызмет атқарудан аса алмайды. Алайда, сапалық сын есімдерге жалғанған –ша, –ше аффиксінің сөзтүрленімдік қызметіне елеулі айырмашылықтар бар. Біріншіден, кейбір сапалық сын есім негіздеріне үстемеленген –ша, –ше аффиксі ондағы сапа мәнін бөсеңдетіп, шағындап көрсетіп, семантикалық жақтан сөзтүрленімдік атқарады. Мысалы, сұрша, көкше, сұлуша, қоңырша, ақша, бозша тәрізді сын есімдердің құрамындағы –ша, –ше аффиксі өзі жалғанған сын есім түбірлерді семантикалық тұрғыдан ғана түрлендіріп тұр. Екіншіден, кейбір сапалық сын есімдерге қосылған –ша, –ше аффиксі оларды әуелі субстантивендіріп барып, одан кейін септік жалғаулар тәрізді грамматикалық байланыстырғыш қызметін атқарады. Мысалы, «Олар танысша сәлемдесті» деген сөйлемдегі –ша, –ше қосымшасының қызметіне тереңірек үңілсек, онда оның біз сөз етіп отырған қызметі анық аңғарылады. Егер танысша сөзінің құрамындағы –ша, –ше аффиксі болмаса, оның сөйлемдегі баяндауыш мүшемен синтаксистік байланыс бұзылар еді. Ал, бұл сөздің үстеуге айналуы адвербиалдану процесінің нәтижесі. Сонда да оны толық адвербиалданған тұлға деп санауға болмайды. Себебі, мұнда түбір мен аффикстің бір бүтін болып тұтасуында берік емес. Өйткені, сөйлеуші өз қалауынша кез-келген уақытта олардың арасына зет есімге тән жалғауларды қосып айта беруге болады. Мысалы: таныстарша, танысынша, танысынша...

Мезгіл мәнді үстеулер мен осы мағыналас зат есімдерге де қосылғанда –ша, –ше аффиксі сөзжасамдық емес, сөзтүрленімдік қызмет атқарады. Мысалдарға жүгінейік: бүгінше, қазірше, биылша, уақытша, қысша, әзірше...

Бұл мысалға алынған сөздерде –ша, -ше қосымшасы өздері жалғанған сөздердің мағынасына сәл-пәл өзгеріс енгізгені болмаса, жаңа лексикалық бүтін жасап тұрған жоқ, оның негізгі қызметі-сөзтүрленімдік. Сондай-ақ сын есімдерге қосылған –ша, -ше аффиксі де дәл осындай функция орындайды.

Енді –ша, -ше аффиксінің сөзжасамдық қызметі жайында. Ол аз-кем сөз.

–Ша, -ше аффиксінің үстеу тудыруда ең өнімді қосымша екені, әсіресе, оның қимыл-сын мәнді үстеулер мен мезгіл мағынасы үстеу сөз жасайтындығы, сондай-ақ оның сан есім, есімдік, тікелей, кейде үстеулердің өзінен үстеу тудыратыны қазақ тілінің барлық оқулықтарында мейлінше кеңінен айтылады. Алайда, зат есімнен басқа сөз таптарына қосылғанда сөзжасамдық функция атқармайтынын, оның негізінен сөзтүрленімдік қызмет орындайтынын жоғарыда едәуір баяндалды. Біздің де –ша, -ше аффиксінің сөзжасамдық қызметі жайында өзіндік көзқарасымыз бар. Ең алдымен қазақ тіл білімінде үстеулерге берілген анықтамаларға көз жүгіртсек, олардың барлығында да үстеудің морфологиялық өзгеріске түспейтіндігі, өзіне тән грамматикалық категориялары жоқ екендігі, тілде бұрыннан бар сөз таптарының негізінде кеш қалыптасқандығы айтылады. Егер осы анықтамаларды басшылыққа алсақ, үстеулердің морфологиялық өзгеріске түспейтінін мойындасақ, оның басқа сөз таптарынан келген сөздердің негізінде пайда болғанын танысақ, –ша, -ше аффиксі қалай үстеу тудырады? Әйтеуір үстеу сөздердің құрамында аффикстер бар екен деп, соны мойынсынып бәрін аффиксация тәсілімен жасалған деу ақиқатқа жанасымды бола ма? Әрине, жоқ. Десек те, сөз таптарының сөзжасамның жалпыға мәлім белгілі бір амал-тәсілдерінің негізінде жасалатыны ақиқат.

Біздіңше, үстеулердің өз алдына бөлек, жеке сөз табы болып қалыптасуында шешуші роль атқарған бірден-бір тәсіл-адвербиализация. Бұл сөзжасамдық тәсіл бойынша үстеулер басқа сөз таптарынан ауысып келген сөздердің негізінде дербес категория болып қалыптасады. –Ша, -ше тұлғалы сөздер де о баста адвербиалдану үдерісіне ұшырап, тілде үстеу болып орныға бастаған. Тілдің даму барысында аталған тәсіл кең өріс алып, тіл құрамында адвербиалданған –ша, -ше тұлғалы лексемалардың саны бірте бірте арта түскен. Кейін түркі тілдерінде, соның бірі-қазақ тілінде аффиксация жүйесі қалыптасып, берік орныққан кезде –ша, -ше қосымшасы да өзге де жұрнақтармен бірге сөз тудырушы аффикс болып қайта ұғынылған.

Адвербиализация процесі тілдегі барлық тұлғалар, атап айтқанда, түбір сөздерді де, туынды түбірлерді де, күрделі тұлғаларды да, түрлі түрленімдерді де қамтиды. Өйткені аталған үдеріске шешуші әрі басты роль атқаратын фактор, біздіңше, әрине, синтаксистік қолданыс. Синтаксистік қолданыс адвербиализация процесінде аталған үдеріске ұшыраған сөздердің

лексикалық және грамматикалық жақтан да игеріліп, үстеулер қатарына ауысуына оң ықпал жасайды. Сондықтан жоғарыда сөз болып отырған сөздік түрге жататын –ша, -ше тұлғалы сөздердің үстеуленуін осы ыңғайда түсіндіруге болады.

–Ша, -ше аффиксінің сөзжасамдық қасиетке ие бола алмай, оның көбінесе сөзтүрленімдік дәрежеде қалып қоюының себебін, біздіңше, қосымшалардың даму заңдылығын негізгі қазық етіп ала отырып түсіндіруге болады.

Тіл білімінде кез-келген аффикстің шығу тегі, түп төркіні өз алдына дербестігі бар жеке сөздердің дамуымен байланыстыратын теория бар. Түркологияда –ша, -ше аффиксінің арғы тегі мезгіл, уақыт мәнінде жұмсалатын шақ сөзімен байланыстырады. Жоғарыда айтылған теория бойынша о бастағы дербес сөз аффикске айналу барысында 4 түрлі сатыдан өтеді: а) жеке сөз; ә) көмекші сөз; б) септеулік шылау; в) аффикс. Зерттеуші Қ.Шаяхметовтың пікіріне қарағанда, –ша, -ше аффиксіне негіз болған «шақ» сөзі қазіргі кезде осы аталған дамудың 3-ші сатысында тұрған көрінеді. Бізге де ғалымның бұл тұжырымы сенімді әрі дәлелді көрінеді. Шынында да –ша, -ше аффиксі сөзтүрленімдік қызмет атқарғанда оның септеуліктен аффикске айналуының ерекшеліктері белгі береді. «Шақ» лексемасы аффикске айналған соң оның құрамындағы –к элементі қысқарып, –ша, -ше кейпіне түскен. «Бірақ,- деп жазады Қ. Шаяхметов: –ша, -ше аффиксі әлі сөзжасамдық дәрежеде нық бекіп, тиісті үшінше ие бола қойған жоқ. Оның түбір немесе негіздерге қосылған соң өзіне екпін тартпауы сол сөзжасамдыққа тән бір шарттың бойына қонбағанынан көрсетеді».

Біздің ойымызша, тіл дәл осы жерде басқа сөз таптарының адвербиалдануына мүдделік танытады. Тілдік сұранысты өтеу мақсатында бірінші болып үстеумен семантикалық әрі функциялық жақтан үндес, орайлас тілдік формалардың ұшырауы заңды.

Қазіргі қазақ тілінде –ша, -ше тұлғалы арқылы түрленген формалардың субстантивтену қарқыны күшті екені байқалады.

Қазіргі кезде тілімізде термин жасау ісінің жандана бастауымен байланысты –ша, -ше аффиксінің де заттануы яғни зат есім сөздер жасауға қатысы активтен бастағанын айта кеткен жөн. Мысалы, түйнекше, жүрекше, үстеуше, сүйекше деген сөздердің кішірейту мәнінен толық арылып, тек қана заттық ұғымда қолдануларын олардың дәл осы терминдік қызметте жұмсалуларымен түсіндіруге болады. Терминдік қызмет олардың сөз түрленімдік қызметін сөзжасамдық статусқа ауыстырған. Сөйтіп, бұл факторлар –ша, -ше қосымшасы тек қана үстеу тудырады деген қатып қалған тұжырымдарға басқаша қарауға мәжбүрлейді.

Қорыта айтқанда, –ша, -ше аффиксі әрі сөзтүрленімдік, әрі сөзжасамдық қызмет атқаратын қосымша болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Созонтов Н. Записки по грамматике. - Ташкент, 1912.
2. Радлов В.В., Алпаров Г. Сайлана хезмәтлар. - Казан, 1945.
3. Закиев М. Синтаксический строй татарского языка. Изд. Казанского унив. 1963.
4. Азимов П. Түркмен дили. - Ашгабош. 1950.
5. Насилов В.М. Аффиксы включения. «Вопросы языков и литератур стран Востока». - Москва, 1958.
6. Диренкова Н.Н. Грамматика ойратского языка. - М-Л., 1940.
7. Хабичев М.А. Карачаево-балкарский язык. «Языки народов СССР» II. - Москва, 1966.
8. Жұбанов Қ. Исследование по казахскому языку. - Алматы, 1966.
9. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. - Алматы, 1944.
10. Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1966.
11. Шаяхметов Қ. Қазіргі қазақ тілі. - Семей-Новосібір, 2007.

Резюме

В статье рассматриваются особенности словообразования и словоизменения аффиксов – ша, - ше в казахском языке.

Resume

The article is devoted to the question of peculiarities in wordbuilding and coorehande of –sha, she affixes in Kazakh language.

УДК 372.881.111.1

**ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ПРОЕКТ КАК МЕТОД
ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

И.И. Агашкина

Технический лицей № 165, г. Алматы

Важнейшей чертой современного учебного процесса является установка на развитие творческих сил и способностей учащихся. Это задача может быть решено лишь при условии личносно-ориентированного подхода в обучении, основной принцип которого гласит: в центре обучения должен находиться ученик, а не учитель, деятельность познания, а не преподавания. Эту главную задачу должен помнить учитель, выбирая методы и приемы обучения.

Одним из способов реализации личносно-ориентированного подхода является пробуждение в детях активных исследовательских интересов, т. е. применение

исследовательских методов обучения. Исследовательские методы - это методы, посредством которых учащиеся вовлекаются в самостоятельную творческую деятельность сходную по своей структуре с деятельностью ученого. В своих исследованиях ученики проходят все этапы творческого поиска: анализируют и сравнивают, доказывают и опровергают, обобщают и оценивают.

Разные ученые по-разному оценивают возрастные предпосылки использования исследовательских методов в учебном процессе. По мнению В.Ф. Паламарчук, овладение исследовательскими методами и достижение творческого уровня возможно, как правило, в старших классах.. А в средних и младших возможны лишь элементы исследования [1].

Сторонники развивающего обучения Д.Б. Эльконин и В.В. Давыдов, напротив, пытаются доказать, возможность исследовательской деятельности уже в младшем школьном возрасте [2]. Исследовательским методам принадлежит ведущая роль в ряде передовых педагогических технологий. С начала шестидесятых годов в литературе развивается идея проблемного обучения, основным элементом которого является проблемная ситуация. (И.М. Махмудов, А.М. Матюшкин [3], [4]. В преподавании иностранных языков понятие ситуация, точнее, учебная речевая ситуация является одним из центральных [5]. При организации проблемного обучения перед учителем иностранного языка встает задача создания таких проблемных ситуаций, с помощью которых пробуждается мысль, познавательная потребность учащихся, активизируется мышление. Однако, как отмечают сами авторы, организация проблемного обучения на практике имеет определенные сложности, что связано с недостаточной разработанностью методики.

Исследовательская деятельность учащихся является составной частью другой технологии обучения метода проектов. В технологии процесса обучения происходит смещение акцентов на самостоятельность, предприимчивость, активность, изобретательность учащихся, а педагогическая роль учителя приобретает патронажный характер [6]. Ещё в начале двадцатого века умы педагогов были направлены на то, чтобы найти пути развития активного, самостоятельного мышления ребёнка, чтобы научить его не просто запоминать и воспроизводить знания, а уметь применять их на практике. Именно поэтому американские педагоги Дж. Дьюи, Килпатрик и австрийский педагог Рудольф Штайнер обратились к активной познавательной и творческой совместной деятельности детей при решении одной общей проблемы. Её решение требовало знаний из различных областей и позволяло реально увидеть результаты. Так возник метод проектов [7]. В настоящее время метод проектов достаточно хорошо проработан технологически и нашел широкое применение, в том числе и при обучении иностранному

языку. Основная идея заключается в том, чтобы перенесли акцент с различного вида упражнений на активную мыслительную деятельность учащихся, требующую для своего оформления владения определенными языковыми средствами [8]. На этапе творческого применения языкового материала только метод проектов, по мнению авторов (Полат Е.С. и др.), может позволить решить эту дидактическую задачу. При этом уроки иностранного языка превращаются в дискуссионный, исследовательский клуб, в котором решаются действительно интересные, практически значимые и доступные учащимся проблемы.

Выбор этого метода в моей работе с лицеистами, во-первых, обусловлен тем, что он позволяет учащимся наиболее полно реализовать их способности и интересы, то есть речь идет о реализации личностно-ориентированного подхода в обучении. Вторая причина связана с особенностями иностранного языка, как учебного предмета. В сравнении с другими предметами его усвоение не дает непосредственных знаний о реальной действительности. В связи с этим встает задача определения предмета учебной деятельности, удовлетворяющего познавательным потребностям учащихся. В этом качестве могут выступать сведения по истории, географии, культуре, стран, изучаемого языка и своей родной страны. Эта особенность иностранного языка определяет его ярко выраженный межпредметный характер. Цель обучения иностранному языку иноязычная речевая деятельность. Предметом речевой деятельности является мысль. Для активации речевой деятельности учащихся важно предоставить им возможность мыслить, решать проблемы, которые порождают мысль.

Третья причина выбора метода проектов связана с особенностью нашего образовательного учреждения. Среди лицеистов большой процент способных и одаренных детей с высокой мотивацией к учебе, к исследовательской деятельности. Важно не растерять этот интеллектуальный потенциал, а всемерно его развивать. Наш учебный предмет должен вносить свою существенную лепту в развитие личности лицеиста.

Благоприятной предпосылкой использования метода проектов в нашем лицее является тот факт, что мы, будучи ассоциированной школой ЮНЕСКО, имеем возможность участвовать в ежегодных проектах под эгидой этой организации. Далее я расскажу о выполнении двух таких проектов.

Проект ЮНЕСКО 2002-го года «Моё сердце в горах».

Тип проекта:

- по доминирующему признаку смешанный, информационный с элементами исследования;
- по признаку предметно-содержательной области межпредметный: проект проводился в рамках предмета «английский язык», т.е. допускалась

речевая деятельность на английском языке, но предусматривалось применение определенных знаний из области биологии и географии;

- по характеру координации - с открытой, явной координацией: я выступала координатором проекта и разработала этапы и методику его проведения;

- по характеру контактов - внутренний, среди учащихся групп 7.1., 7.2.;

- по количеству участников - групповой (16 чел.), по составу межгрупповой;

- по продолжительности проведения - средней продолжительности (2 месяца);

- по форме представления видеофильм.

Цель проекта - изучение гор Заилийского Алатау по литературным источникам, развитие навыков работы с информацией, развитие умений представлять свою страну на английском языке.

Исследуемая проблема - «Горы - друзья и враги человека».

Этапы работы над проектом:

1. Организационный этап

На этом этапе я объяснила семиклассникам, что такое проект, познакомила с его структурой:

- в основе проекта лежит какая-то проблема;

- для её решения необходимо поставить исследовательские задачи;

- определить методы исследования, источники информации;

- обработать полученную информацию;

- сделать выводы;

- представить результаты в виде какого-либо «продукта» - реферата, видеофильма и т.д.

Для того, чтобы учащиеся сориентировались в теме, я провела беседу, в результате которой подвела ребят к определению проблемы исследования: «В чем горы - друзья человека, а в чем - враги?», а также мы наметили объекты исследования: растительный и животный мир гор, спорт и отдых в горах, стихийные явления. Ребята с воодушевлением восприняли предложение поехать в Малое Алма-Атинское ущелье и снять видеофильм с комментариями на английском языке.

2. Этап разработки:

- определение задач по теме исследования;

- распределение задач между участниками, формирование микрогрупп.

Моя роль на этом этапе заключалась в том, чтобы помочь ребятам правильно сформулировать задачи, учесть их интересы и желания при распределении задач и формировании микрогрупп, т.е. здесь реализовался лично ориентированный подход к деятельности учащихся.

Итак, были определены исследовательские задачи:

- уникальные растения и животные гор Заилийского Алатау;
- опасные животные и насекомые гор, ядовитые растения;
- лавины и камнепады;
- сели и меры борьбы с ними;
- высокогорный каток Медео.

3. Этап реализации проекта

1) Обсуждение, выбор методов исследования и поиска информации

- вести поиск нужной информации;
- выделять главную мысль;
- анализировать информацию;
- делать обобщения;
- делать выводы, аргументировать их.

Подразумевалось наличие навыков работы со словарем и грамматических навыков и умений при переводе русских источников на английский язык.

2) Самостоятельная работа учащихся над задачами

Ученики подбирали материалы в Интернете, справочниках, энциклопедиях, книгах и журналах, делали переводы с русского на английский язык. Периодически проводились промежуточные обсуждения достигнутых результатов. В итоге были составлены комментарии к каждому эпизоду видеофильма. Завершающей фазой была поездка в Малое Алма-Атинское ущелье и съёмки видеофильма, в котором ребята выступали в роли гидов. Маршрут, места остановок, объекты съёмок были продуманы заранее. Большую помощь в организации поездки оказала нам освобожденный классный руководитель.

4. Этап презентации проекта

Презентация проекта проходила в параллели седьмых классов и включала в себя изложение наработанного материала, не вошедшего в фильм, просмотр видеофильма и ответы на вопросы. Главные выводы, которые сделали ребята, заключались в том, что горы Заилийского Алатау, их природа предоставляют человеку большие возможности для отдыха, оздоровления, занятия спортом, туризмом, но в то же время они таят опасности, которые человек должен знать и уметь избегать.

Проект ЮНЕСКО 2003 года «Проблемы водных ресурсов Казахстана глазами школьников».

Этот проект для учащихся, чьи знания в восьмом классе в области физической географии и экологии стали более глубокими, явился продолжением предыдущего проекта. В нем на более высоком уровне исследуется проблема «Селевые явления Алматы и Алматинской области и меры борьбы с ними». Актуальность этой темы возрастает в последнее

время в связи с потеплением климата, ухудшением экологической обстановки, уменьшением финансирования службы слежения и селезащитных мероприятий.

Казалось бы, зачем делать узкий проект по географии на английском языке? Наши доводы таковы. Во-первых, учитывая, что проект проходит под эгидой ЮНЕСКО и носит экологический характер, ребята решили обратиться в эту организацию, как представители Казахстана, чтобы привлечь внимание к нашему региону на международном уровне.

Во-вторых, преследовалась познавательная цель составление словаря терминов по изучаемой теме, что значительно расширило лексический запас учащихся.

По своей технологии этот проект межпредметный, межрегиональный, исследовательский с информационным модулем, с открытой координацией, групповой (4 человека).

Этапы работы, методы обработки информации, моя роль координатора были прежними. Итогом исследования ребят стал реферат, в котором они решали следующие задачи:

- классификация селевых явлений;
- условия их образования;
- причины возникновения селей;
- орографические особенности хребтов Заилийского Алатау;
- историческая справка о селевых явлениях нашего региона;
- станции слежения за селеопасностью;
- меры борьбы с селевыми потоками.

Большую помощь в определении исследовательских задач в качестве эксперта нам оказала преподаватель географии Казановская Татьяна Леонидовна. Она дополнила наш список источников несколькими научными статьями. На нашу просьбу о помощи откликнулся директор Института Географии Медеу Ахметкал Рахметулаевич, 30 лет изучающий проблему селей. Он охотно предоставил ребятам очень редкие книги - «Сели окрестностей Алматы» и «Селевые явления сейсмоактивных территорий Казахстана». От него мы узнали, что в проекте ЮНЕСКО, под тем же названием, но уже на академическом уровне, участвуют Научно-исследовательские институты Казахстана. Этот факт усилил значимость их работы, осознание сопричастности к решению больших проблем.

Выводы:

Общеучебные и общеметодические приемы и навыки исследовательской работы в процессе выполнения проекта выступают в роли средств, влияющих на интеллектуальное развитие личности.

Благодаря исследовательской деятельности мы выводим детей в мир больших контактов, в мир большой науки. Решая на своем уровне

те же проблемы, подросток ощущает себя активным участником реальности.

Есть все основания говорить о том, что исследовательская работа естественным образом ориентируется на участников и. таким образом, мы входим в сферу лично- ориентированного обучения и соединяем образовательный и воспитательный процессы в единый учебный процесс.

Выполняя проекты на английском языке, ребята приобретают новые, необходимые знания по целому ряду предметов. Работая в группах, помогая друг другу, обмениваясь информацией на английском языке, учащиеся развивают свои речевые умения, коммуникативную компетенцию, а. выполняя роль гидов - и страноведческую компетенцию.

В процессе познания природы родного края, ее красоты и неповторимости учащиеся реально переживают чувство привязанности к своей земле, к родине. Наблюдения за участием детей в проектах убеждают, что такая форма работы направлена на формирование их патриотических чувств.

ЛИТЕРАТУРА

1. Паламарчук В.Ф. Школа учит мыслить. - Москва, 2000.
2. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. - М.: Знание. 1974.
3. Махмутов М.И. Проблемное обучение. - Москва: Педагогика, 1975.
4. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. - Москва: Педагогика, 1972.
5. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам. - М.: Просвещение, 1969.
6. Полат Е.С. Обучение в сотрудничестве, Иностранные языки в школе. № 1, 2000.
7. Дьюи Дж. Как мы мыслим. 1933.
8. Полат Е.С. Метод проектов па уроках иностранноу языка. Иностранные языки в школе. № 2, 2000.

Түйіндеме

Берілген мақалада ағылшын тілінің әдістерін зерттеу үшін зерттеушілер жобасына ерекше көңіл бөлінген.

Resume

Main attention in this article is paid to research project as a method of the English language studying.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ МӘСЕЛелЕРІ

Б.А. Мәлібаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әдебиеттің алуан түрлі салаларға бөлінуі оның өсіп-дамуымен, жаңа арналары мен салаларының қалыптасуымен тығыз байланысты. Қоғамдық үрдістердің сан тарау тереңінен бастау алатын әдебиеттің даму процесі күн өтен сайын жанарып һәм жасарып өзгеріп отырады. Уақыт өрнегіне көз салып, тарих тереңіне үңілетін болсақ, әдебиеттің өзіндік даму жолы бар екенін көреміз. Қазақ әдебиетінің ең алғашқы бастауларынан бергі қалыптасу, даму, өзгеру және өсіп-өну кезеңдері адамзат баласының ой-санасының интеллектуалды деңгейін байқатады. Бұған кез келген халықтың тарихынан орын алатын әдебиетінің өзіндік алтын ғасырлары дәлел бола алады. Орысәдебиетіндегі 19 ғасыр, Жапон әдебиетіндегі 20 ғасыр сияқты кезеңдер әдебиеттің дамуының үздіксіз жасалып отыратын процесс екенін танытатынын айта келіп, қазақтың үлкен сыншысы С. Әшімбаев әдебиетті: «халықтың ой-сана өсуінің, рухани дамып кемелденуінің көркемдік тарихы дейміз. Өйткені, жалпы алғандағы азаматтың ой-сананың оянуы да, шарықтап өсуі де алдымен сол халықтың әдебиетінде көрініс табады», - дейді [1, 62].

Яғни адамзат тарихында орын алатын өзгерістер ең алдымен әдебиетте өз бедерін қалдырып, өрнегін салатындықтан одан тұтас бір дәуірдің, тұтас бір халықтың тағдыры көрініп отырады. Орыс әдебиетінің даму тарихын зерттеуші ғалым Д. Лихачев әдебиеттің ежелгі славян халықтарында алатын орынын, оның тарихын саралаудағы басты дереккөздер екендігіне тоқтала келіп, кез келген халықты оның әдеби дамуынан бөліп қараудың қате екендігін және «халықтың ұлт ретіндегі қалыптасуы, әдебиеттен көрінетінін» айтады [2,75].

Бұл жағынан алып қарағанда қазақ халқының әдебиеті оның тарихының антологиясы болып есептелмек. Бұл біздің аттың жалы, аттанның қамында өмірін өткізген көшпелі бабаларымыздың ауыздан ауызға таратып жеткізген шығармалырынан анық танылады. Әдебиеттің өрістеуіне жол ашатын тарихи процестерде кейінен сол әдебиеттің қойнауына сіңісіп, олардың бөлінбейтін бөлшегіне айналады. Ежелгі фольклорлық шығармалар, ертегілер, ауыз әдебиетінің сан алуан салалары, батырлық және сүйіспеншілік туралы эпостар мен дастандар, тасқа басылған жазбалар, жыраулар әдебиеті, ақындар шығармашылығы, солардың ізімен қалыптасқан қазақ әдебиетінің негізгі тамыры мен оның нәр алатын бастау қайнары болады.

Ал ол қалыптасқан әдебиеттің қаншалықты халықтың шығармашылық тарихынан орын алатынына уақыттың қатал сыны өзі екшеп береді. Ол шығарманың көтерген жүгіне, айтар ойына, танытар идеясына қатысты болмақ. Әсіресе прозалық шығармалардың жанрлық ерекшелігі туралы айтқан кезде оның өміршендігіне қойылатын талаптар осы тұрғыдан өрбиді.

Бұл ретте әдеби шығарманың, соның ішінде прозалық туындының басты құндылығы өзі негізге алған тақырыптың тереңінен оқырманның жан әлеміне жағымды, түсінікті және қонымды болатын идеяны сүзіп алып шығу болып табылады.

Ал шығарма идеясы ол туындының кейіпкерлер әлемінен бөлек емес, қайта сонымен бірге, біте қайнасып, балталасаң бөлінбес тұтастыққа айналады. Жалпы сәтті туындының кез келген кішкене бөлшегінен бастап, көтерген ауыр да үлкен жүгіне дейінгі аралықта белгілі заңдылыққа бағынған өзара байланыс болуы керек. Себебі өзара байланысып, өзара тұтастырылмаған шығарманың белгілі бір бөлшегі оның көркемдік қалпын кемітіп, идеялық һәм тақырыптық арнасын тарылтып тұрады.

Бұл ретте әдебиетте келтірілетін, сөз өнерінің ұлылығын көрсетіп (А. Байтұрсынұлы), сәулет өнерімен салыстырылуы да тегін емес болса керек (З. Қабдолов). Себебі белгілі бір ғимарат құрылысы салынған кезде әрбір кірпіштің жігі өзара басылып, бірін-бірі «байлап» тұруы тиісті. Олай болмаған жағдайда еңбек еш кетіп, өзара жіктеспеген кірпіштердің құлауына алып келеді. Ұлы ғалым айтқандай «үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалануынан болады» [3,17].

Сол сияқты белгілі бір шығармада, мейлі ол прозалық, поэзиялық немесе драмалық шығарма болсын, оның барлық компоненттері өзара тұтастықта болып, туындының толық келбетін, керек десеңіз автордың қаламгер ретіндегі шығармашылық тұлғасын да қалыптастырып тұру керек. Бұл әдебиетке қойылатын басты талаптардың бірі екенін қазақ әдебиетінде А. Байтұрсынұлынан бастап, оның ізін жалғап әдебиеттің теориясына түрлен салған ғалымдарымыздың барлығы да айтып кеткен. Ол автордың сол шығарманы жазу барысындағы қолданған көркемдік әдіс-тәсілі, ұстанған бағыты немесе алған тақырыбы мен көтерген идеясында көрініп жатуы керек. Шығармашыл тұлғаның назарда ұстауға тиіс басты қағидаты осы болса, оның сол арқылы оқырман қауымына өзінің таланты мен туындыгер ретіндегі шеберлігін танытудың әдебиеттану ғылымында қалып тасқан қаншама әдіс-тәсілдері бар.

Ол шығармашылық иесінің өзінің таңдап алған тақырыбына, айтар ойына, кейіпкерлер әлеміне және жалпы шығарма табиғатына байланысты көрінбек. Ал кейіпкердің жан әлемі алуан түрлі, қайшылықтарға толы, күрестердің тұтас бейнесі мен жекелеген бөлшектері болмақ. Егер оның жанын «ашып» қарайтын болсаңыз шығармашылық иесінің заманның,

тұтас халықтың психологиялық хәлі мен тұтас өмірін көретінін даусыз. Ал әдебиеттегі кейіпкер әлеміне психологизм призмасы көз жүгірту сол ерекшеліктерге тереңінен қарау болып табылады.

Адамның ойы, сезім-танымы, пиғылы, сондай-ақ түпкі санасында өтіп жатқан ішкі әлемі көркем әдебиетте түрлі жолдармен беріледі. Ол сөз өнерінің ежелгі түрлерінде (фольклор және ауыз әдебиеті) тікелей түрде емес, жанама түрде - қазіргі қалыптасқан психологизмнің жекелеген белгілерін көрсету арқылы беріледі. Әдебиеттің ондай түрлерімен танысу барысында қаһармандардың ішкі жан-дүниесі мен ой-сезімі туралы ақпараттан гөрі оқиғаға араласуы, кимыл-қозғалысы мен сыртқы келбеті туралы ақпарат көбірек аламыз. Ертегі кейіпкерінің сезімдерінің шиеленісуі мен ішкі жан-әлеміндегі арпалысы сыртқы әлеммен және оқиғалардың дамуымен тығыз байланысты: егерде ертегі қаһарманы қайғылы оқиғаға ұшыраса, ол «зарланып жылайды», ашуланса, «жауар бұлттай түнереді». Ал егерде қаһарманның ішкі әлемі тікелей бейнелетін олса, онда ол ұзақ сонар ой ағымы немесе ішкі монологы емес, қысқа ғана нақтылы бір мезеті, бөлшектері мен сәттеріне тоқталмастан жалпылап өте шығады.

Бұның барлығы да психологизмнің әдебиеттің дамуымен де тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Яғни адамның өзін-өзі тануы немесе әдебиеттің өнер ретіндегі адамды зерттеуі негізгі жемісін бере бастаған шақта, әдебиет қоғамдық процестерді емес, сол процестерді жасайтын адамды зерделуді қолға алған кезде психологизм дамыды.

Негізінен алғанда психологизм қай қоғамда болса да, әдебиеттегі төңкеріс ретінде көрінеді. Өз кезінде Ф. Достоевскийдің де нағыз психологизмге құрылған шығармалары орыс қоғамында асқан жаңашылдықтың үлгісі болып, оған алғашында үдере қарауына себеп болды. Қазақ әдебиетіндегі бүкіл шығармасы таза психологизмге құрылған О. Бөкейдің шығармашылығы әдебиет үшін, әдебиеттанушы мамандар үшін де тосын жағдай болғаны анық. Сол үшін де қазіргі таңда әдебиеттанушылар мен әдеби қауым үшін қалыптасқан жағдайға айналған психологизмнің өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы адамтануға бет алған сайын, әдебиетте психологиялық романдардың көптеп жазылуы орын ала бастады.

Қазіргі таңда әдебиеттанушы қауым үшін «сәнге» айналған психологизм дегеніміз не? Оның жалпы әдебиет үшін қаншалықты маңызы бар, ерекшелігі мен кемшілігі бар? Ең алдымен психологизм қалай пайда болады және ол әдебиетте қандай орын алмақ?

Сонымен орыстардың «Әдебиеттану сөздігінде» психологизм «адам психологиясын тұлғаның іс-әрекетіндегі импульстер мен стимулдардың жиынтығы ретінде қарайтын әдеби талдаудың түрі» деп көрсетілген [4].

Ал С. Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде» «Психологизм - психикалық жап күйзелістерін терең суреттеу», - деп қысқа ғана анықтама берілген [5, 557]. Ал бұл

анықтама әдебиеттегі кейіпкердің жан әлемін ашуға талпынған жазушы еңбегінің ширек қана бөлігін ғана көрсете алады. Екінші жағынан алғанда әдебиеттегі психологизмнің негізгі шарттарын бере алады.

Ал психологизм көне грек тілінен аударғанда «psyche» - жан және «logos» - сөз дегенді білдерді. Яғни ол жанның тілі ретінде әдеби процеске енеді.

Адамды жеке тұлға ретінде таныту үшін жазушы қолданатын әдебиеттегі әмбебап әдіс-тәсіл десе де болады.

Ал негізінен алғанда шығармадағы нақтылы кейіпкердің көптеген жан арпалыстары мен күйзелістерін толыққанды әрі мәнді етіп көрсете білу жазушының алдына қойған идеялық шешімімен, қалыптасқан стилімен, адам жанына талдау және сараптау жасайтын оның әдістері мен тәсілдеріне, керек десеңіз алдына қойған мақсатымен тығыз байланысты екендігі айтылып жүр [6].

Әдебиеттегі психологизм кейіпкердің толыққанды тұлғасының танылуына өз әсерін тигізетін әдеби талдаудың бір түрі ретінде әдебиетте кең орын алып келеді. Көркем шығармадағы психологизм ең алдымен әдеби қаһарманның сезімі мен эмоцияларын, ойлары мен толғаныстарын терең һәм толық бейнелеу болып табылады.

Бұл ретте қазақ әдебиетіндегі психологизм мәселесін жете зерттеген ғалым Б. Майтановтың: «Психологизмнің негізгі қызметі - өмірлік шындық пен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау», - деген пікірімен толық келісуге болады [7,4]. Яғни негізгі өмірлік шындықты шығармасына арқау еткен жазушы шығарма идеясында көрінетін көркем шындықтың арасына сыналап енетін нәзік байланыстардың арақатынасын қалай және қандай тәсілдермен білдіре алады? Егерде шартты түрде өмірлік шындықты тақырып деп алсақ, көркем шындық сол тақырыптың жазушы қиялы мен қаламында өзгеріске ұшырап, жаңа бір идеяны көтеруі болмақ. Ендеше, ол екі аралықтағы нәзік байланыстың ең басты көрінетін тұсы психологизм болмақ.

Себебі жазушы кез келген өмірлік шындықты өзгерте алады, оның өзінің жазушылық шеберлігіне сала отырып, өңдеп, қырнап, саралап, зергерлеп жеткізе алады. Ол өзгерте алмайтын бір нәрсе бар. Сол өмірлік шындықтардың арқалап жүрген адамның психологиясы. Себебі өмірлік шындықтан ауытқыған кейіпкер психологиясындағы, жалпы психологизмдегі жазушы жіберген өрескел қателік, керек десеңіз талантсыздық болып табылады. Өйткені психологизмді - кейіпкер психологиясын беруде шығармашылық иесінің кәдімгі адамға тән сипаттан ауытқуға мүлдем хақы жоқ.

Мысалға, адамның қайғылы хәлін бермек болған жазушы үшін оның сыртқы бейнесі мен ішкі жан-дүниесі кәдімгі өмірдегіден ауытқымауы керек.

Керісінше, қуанышты адамның жан-дүниесінде өтіп жатқан физиологиялық өзгерістер мен эмоциялық хал-жағдай сіздің өзіңіздің соңы сезінген қалпыңызға сай келмесе, оны қабылдай қоюыңыз екіталай. Егер ол сол қалыпта бейнеленбесе, оның реалды болмыстан ауытқығаны болмақ. Сондықтан да жоғарыда Б. Майтанов айтып өткен

көркем шындық пен өмірлік шындықтың «жанды тамырластығы» психологизм болмақ. Себебі басқаның барлығында жазушы өзгерте алады және өмірге қарым-қатынасы өзгермеуге тиіс нәрсе ол - кейіпкер психологиясы. Яғни әдеби шығармадағы кейіпкердің толыққанды болып көрінуі үшін психологизм алатын орыны ерекше. Бұл ретте «шығармадағы өмір шындығының басты кепілі - психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, творчестволық феномен — психологизм» [7,4].

Психологизм шығармашылық иесінің өзінің өмірлік ұстанымын, кейіпкеріне сіңірген эмоциялық, мінездік, жалпы тұлғалық ерекшелігін тұтас етіп көрсетіп те тұрады. Өзінің шығармашылығындағы сомдалған кейіпкерлеріне нақтылы «жан бітіре» білудің өзі де көбіне психологизммен тікелей сабақтасып жатады.

Бұл ретте «осы құбылыстың сыртқы ішкі салалары есебінде даралау мен жыйнақтау, ұлттық, жалпыхалықтық, дерек пен қиялдан қосу, автор бейнесі, шығарманың заттық құрылымы іспетті түрлі мәселелердің өзара ықпал, әсері мен табиғи синтезін атау керек» [8,4].

Жалпы психологизм мәселесінің көтерілуін орыс әдебиет сынында алғашқы болып көрсеткен Н.Г. Чернышевский өзінің 1856 жылы жарық көрген «Детство и отрочество. Военные рассказы графа Толстого» деген мақаласында жазушының адамның ішкі жан әлемінің бейнеленуін өте бір қысқа әрі нақтылы етіп бере білген.

Бұл тәсілді Н.Г. Чернышевский жан диалектикасын бейнелеу деп атады. Кейінірек бұл тіркес Толстойды шығармасын зерттеу барысында айтылып отыратын «қанатты сөзге» айналып кетті. «Граф Толстойдың басты назары бір сезім мен ойдың екіншісіне құйылысып жатқанына ауады, оған көз алдына келген естеліктер мен өзара сабақтасулардың күшіне туған бір жағдай мен бір әсерден тікелей туындаған сезім қалайша өзінің қайнар бастауын қайтып оралатыны және сол естеліктің шұбалаңқы бойымен тағы да қайтадан сапарға шығатыны қызықтырады» [9].

Яғни таланты жазушыны дәл таныған дарынды сыншының айтқан ойына сараптама жасар болсақ, психологизм дегеніңіз, ең алдымен адам жаны мен ойының терең қайнарлары. Жазушы сол қайнардың тереңіне көз жүгіртіп, оның тарам-тарам көздерден құйыла отырып таза бұлаққа - мінезге әрі толық адамға айналғанын табуы керектігі болады. Сол тамырдан аққан тарам-тарам тамшылар - ойлар, сезімдер, эмоциялар жинала келіп, жеке адамды, біздер көңілімізде жатқызған кейіпкерлерді құрайды.

Әдебиеттегі психологизмге берілген барлық анықтамалардың барлығы да В. Чернышевскийдің Л. Толстойдың шығармашылығына қатысты айтқан осы бір тұжырымдарынан бастау алады десек те болады.

Яғни, жалпы алғанда психологизм дегеніміз - жазушының «...кейіпкердің ішкі әлемін: оның ойын, уайымын, арман-тілегін, эмоциялық хал-күйін көркем әдеби құралдар арқылы» жеткізу немесе меңгеру дегенді білдіреді [8, 86].

Қорыта келгенде көркем әдебиеттегі психологизм дегеніміз - шығармашылық иесінің кейіпкердің толыққанды тұлғасын оның сыртқы кескін келбетін және қимыл-қозғалысын есепке ала отырып, кейіпкердің ішкі жан әлемінде өтіп жатқан өзгерістер мен қайшылықтарды, сезімдер мен толқыныстарды, эмоцияларды және басқа өзгерістерді суреттеу арқылы қалыптастыруы.

Екіншіден алып қарағанда жазушылық стилі психологизмге құрылған шығармалардың барлығын дерлік классикалық туындыларға жатқызуымыздың өзі де осы аталған әдіс-тәсілдің органикалық ерекшелігінде болса керек.

Мысалға орыс әдебиетіндегі шығармашылықтарында психологизм орын алатын авторлар ретінде дәстүрлі түрде Л. Толстойды, Ф. Достоевскийді, одан кейін И. Тургеневті және А. Чеховты атап жүр. Ал осы аты аталған жазушылардың барлығын орыс әдебиеттану ғылымы мен әдебиетші қауымы ғана емес, қарапайым оқырмандардың өзі де классиктердің қатарына жатады. Біздің әдебиетіміздегі шығармашылығынан орын алатын Ж. Аймауытов, Ә. Кекілбаев және О. Бөкейдің қазақ әдебиетінің классик жазушылары атануларына психологизмнің «үлесі» бар екендігі барлығымызға аян.

Олардың басты ерекшелігі неде? Ең алдымен аталмыш жазушылар шығармашылық барысында өз кейіпкерлерінің жан әлемін ашуға тырысты. Оларды өзара сабақтастырып, шығармашылық сапардағы жолдарын тоқайластырып тұратын да психологизм.

Яғни жеке алғанда психологизм жазушының стилі немесе оның ұстанған творчестволық принципін ғана емес, оның өзінің де талант ретіндегі психологиясын танытып тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік. - А.: Ана тілі, 1997.
2. Лихачёв Д.С. Зарождение и развитие жанров древнерусской литературы. - Л., 1986.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. - А.: Атамұра, 2003.
4. Николаев П. Словарь по литературоведению. - <http://nature.web.ru>
5. Ожегов С. Словарь русского языка. - М., Оникс, 2006
6. Сайт «Русские писатели и поэты» <http://writerstob.narod.ru>
7. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. - А.: Санат, 1996.
8. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. - А.: Жазушы, 1987.
9. Чернышевский В.Г. Собрание сочинений. 8 т. - М., 1963.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы психологизма в художественной литературе. А также обобщается роль психологического анализа при раскрытии содержания художественного произведения и личности героя.

Resume

Problems of psychologism in fiction are revealed in this article. The role of psychological analysis to reveal the content of fiction and acquaintance with the hero's nature is also summed up and generalised here.

НАШИ АВТОРЫ

Агашкина И.И. - г. Алматы.

Акумбаева Г.М. - Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

Баербекова А.Е. - Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г. Караганда.

Байтенова Майнур Жаулыбаевна - старший преподаватель кафедры мировых языков, Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, г. Астана.

Боранбаева Ж.К. - Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева, г. Астана.

Даулеткерей Капулы - заместитель директора издательства «Фолиант», соискатель кафедры казахской литературы, Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева, г. Астана.

Жаманкозова Арилана Тулендиевна - к.ф.н., доцент, кафедра русской филологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана.

Жанайхан Б. - д.фил.н., университет им. Сулейман Демиреля, г. Алматы.

Ибраева Жанара Бакибаевна – к.ф.н., доцент, зав.кафедрой «Журналистика и русская филология», Инновационный Евразийский университет.

Мусина Гаухар Талгатбековна — бакалавр филологии.

Имангалиева Г.С. - Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.

Кайрамбаева Айгуль Жаскайратовна - магистр филологии, Инновационный Евразийский университет.

Курманова Айжан Ислямхановна - старший преподаватель, кафедра казахского языка, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

Малибаева Бахыт Ахметовна - преподаватель, кафедра казахской литературы, Евразийский национальный университет, г. Астана.

Прманова Н.А. - Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан.

Сарбалаев Ж.Т. - Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

Сыздыкова Гульнар Кузановна - к.ф.н., доцент кафедрой русской филологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана.

~~ВВЕДЕНИЕ~~
Тезекбаева Г.А. - Екибастузский инженерно-технический институт
им. К.И. Сатпаева.

Тусупова А.К. - АО Финансовая академия, г. Астана.

Хамитова Г.А. - Инновационный Евразийский университет,
г. Павлодар.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

(“Вестник ПГУ”, “Наука и техника Казахстана”,
“Өлкетану-Краеведение”)

1. В журналы принимаются рукописи статей по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе “Word 7,0 (’97, 2000) для Windows”.

2. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами: - УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- название статьи: кегль -14 пунктов, гарнитура - **Times New Roman Cyr** (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), заглавные, жирные, абзац центрованный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), полное название учреждения: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Arial (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Arial** (для казахского языка), абзац центрованный;

- аннотация на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, одинарный межстрочный интервал;

- текст статьи: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), полуторный межстрочный интервал;

- список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-84.-
например:

ЛИТЕРАТУРА

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26.) номер (например, № 3.) страница (например С. 34. или С. 15-24.)

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе “Наши авторы”);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора(-ов) на казахском, русском и английском языках (для “Содержания”).

4. Иллюстрации. Перечень рисунков и подписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

5. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

6. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

8. Рукопись и дискету с материалами следует направлять по адресу:

140008, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,

Павлодарский государственный университет
им. С.Торайгырова,

Издательство «КЕРЕКУ»

Тел (8 7182) 67-36-69

E-mail: publish@psu.kz



Теруге 20.05.2010ж. жіберілді. Басуға 20.06.2010 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 6,70 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: М.А. Джумадиева
Корректорлар: М.А. Джумадиева, Б.Б. Аубакирова, А.Р. Омарова
Тапсырыс №1169

Сдано в набор 20.05.2010 г. Подписано в печать 20.06.2010г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 9,98 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: М.А. Джумадиева
Корректоры: М.А. Джумадиева, Б.Б. Аубакирова, А.Р. Омарова
Заказ №1351

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: publish@psu.kz